Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

«Білім және Ғылым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын республикалық ғылыми - педагогикалық журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

Казахский язык и литература в русской школе

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

2001 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

2/2015 АҚПАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылыми ойлар отауы

Тамара ТАШЕВА. Оңтүстік өңірі диалект сөздерінің этнолингвистикалық сипаты.....3
Раушан РЫСҚҰЛОВА. Тіл дамыту жұмыстарының тиімділігі.....10

Тиімді әдіс – баршаға ортақ

Айтжан АҚШАЛОВА. Оқытудың жекелей бағдарлау жүйесі арқылы сабақ құрылымын құру.....17
Анар ЗЕЙТОВА. Оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын арттыру жолдары.....24
Әсел ИБРАЕВА. Құзыреттілік тапсырмалар арқылы бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі пәніне қызығушылығын арттыру.....28

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Гүлсім БАЙМҰХАМБЕТОВА. Тіл ұстарту сабақтарында қазақ әдебиеті пәніне оқушылардың қызығушылығын арттыру.....32
Гүлден БЕЙСЕМБАЕВА. Әбділда Тәжібаев. «Толағай».....35
Сара КАМЗИНА. Әбу Насыр әл Фараби туралы аңыз.....38

Рухани дүниемізде

Күләш ӘБДІРОВА. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі.....41
Арай АРҒЫНҒАЗИНА. Би падишасы – Шара Жиенқұлова.....46

Қазақ тілі: орыс аудиториясында

Рысты БАЙНАЗАРОВА. Астана – бас қала.....51
Сәуле БАЛЖАНОВА. Мәдениет және өнер.....55
Әлия АБДИЕВА. Қыс қызығы.....64
Сәуле ЕҢСЕБАЕВА. Екі дос.....68
Әсемкүл ТҰРЛИНА. Футбол.....71
Сұлушаш ЖЕТПІСБАЕВА. Мақал-мәтелдер – халық даналығы.....75
Анар КАДРУШЕВА. Жеміс бағында.....79
Ақлима НҰРМҰХАНОВА. Сөздердің байланысу тәсілдері.....82
Гүлнұр ЖАНБАБАЕВА. Қазақтың ұлттық бас киімдері мен аяқ киімдері.....85
Сайлаугүл СПАНОВА. Қазақтың ұлттық тағамдары.....93
Жансұлу ДОСЖАНОВА. Біздің Отанымыз – Қазақстан.....98
Дәметкен АБДРАХМАНОВА. Үйді жинауға көмектесу.....103

Орыс тілді бастауыш сыныбында

Динара ӨМІРБАЕВА. Хайуанаттар бағына саяхат.....109
Маржангүл РАХМЕТОВА. Тазалықты сақта!.....117
Гүлзада ХАСАНОВА. «Қыс» модулі бойынша нәтиже сабақ.....121
Айгүл ИМАШЕВА. Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы.....124

Сайыс сабақ

Айгүл ДОБАРОВА. «Қазақ тілі еліне саяхат».....129

Сыныптан тыс шара

Нұрбике АРЫНОВА. Әй, жарайсың!.....136

Тамара ТАШЕВА,
Алматы қаласындағы
А.В.Селезнев атындағы
хореография училищесінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҢТҮСТІК ӨҢІРІ ДИАЛЕКТ СӨЗДЕРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Қазіргі уақытта гуманитарлық ғылымдардың зерттеу аясы барынша кеңи түсті. Тіл білімінің бір саласында зерттеу жүргізу үшін мәдениеттану, өнертану, құрылымдық әдебиеттану, әлеуметтану, тарих, антропология, т.б. сынды ғылым салаларының жетістіктеріне де тоқталмай кете алмайсыз. Мұны, ең алдымен, тілдің тек қарым-қатынастық ерекшелігінен өзге мәдени, рухани арналарын тереңдеп зерттеу қажеттілігі де алға шыққандығымен түсіндіруге болады. Бұл тұрғыда сөзімізді лингвомәдениеттанымдық зерттеу еңбектері нақтылай түседі. Лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің негізгі бағыты – ғасырлар бойындағы рухани концепт жетістіктері мен тәжірибелерін, адамзаттық ақиқат белгілерін таңбалайтын тұрақты тілдік бірліктерді зерттеу. Бұл, әсіресе, көркем мәтіндерде айрықша көрініс табады.

Ахмет Байтұрсынұлы тілдің міндетін, оның көркем әдебиетке қатысты ара-қатынасын сөз еткенде оның «ақылға, қиялға, көңілге» барып тірелетінін айтады.

Ғалым бұл классификацияны тілдің мағыналық тереңдігіне байланыстыра отырып түсіндіреді: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзегенін меңзегенше, көңілдің түйгенін түйгенінше айтуға жарау». Себебі, көркем сөз – ұлттық бітім-болмысты, ұлттық психологияны, ұлттың дүниетанымы мен оның өмір сүру тәжірибесін, ұлттық салт-дәстүр мен наным-сенімін таныстыратын біртұтас дүние.

Лингвоелтанымдық зерттеулер – мәдени константаларды екі немесе үш тілде өзара салыстыра отырып, ұлттық нышандарын айқындайтын, сол елдің болмыс-бітімін, халықтың мінез-құлқы мен тұрмыстық ерекшеліктерін ажыратып көрсететін тілдік ұғымдар мен белгілерді зерттеу. Бұл бағытта қарастырылатын объектілер белгілі бір елдің немесе ұлттың өзіне тән белгілерін, басқа ұлтта жоқ өзіндік нышандарын көрсете алатын тілдік бірліктер болуы керек. Мысалы, қазақ тілінде белгілі бір ұғымды ауыспалы мағынада түсіндіру үшін өздері күнделікті көріп жүрген, болмысы әбден танылған ұғымдарды қолданады. Бұл бағыттың іргетасы Вильгельм фон Гумбольдт, Я.Гримм, Фердинанд де Соссюр, Р.Раск, Э.Сепир, Б.Уорф, А.Потебня, Г.Штейнталь, Ж.Вандриес еңбектерінде қаланды.

Осы тұрғыда мақалада еліміздің оңтүстік өңірінен шыққан жазушылардың туындыларындағы жергілікті тіл ерекшеліктерінің танымдық мәні, этнолингвистикалық табиғатын қарастыруды мақсат тұттық. Тақырыпқа қатысты зерттеулерді айтқанда М.Атабаеваның, Ж.Мұхамбетовтың, А.Есенбайдың еңбектерін арнайы атауға болады.

М.Атабаеваның еңбегі қазақ тіліне ортақ этнодиалектизмдерге арналса, Ж.Мұхамбетов кандидаттық диссертациясында Батыс Қазақстан аймағындағы тұрғындар тіліндегі этнодиалектизмдерді талдауды мақсат еткен. Анар Есенбайдың кандидаттық жұмысында Сыр өңірі тұрғындары тіліндегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық ерекшеліктерін, материалдық мәдениет атауларының ұлттық-мәдени этнолингвистикалық сипатын арнайы қарастырған.

Тіл білімі ғылымында тілдік мағыналық қатынастар соңғы кездері арнайы зерттеу нысанына айналуда. Тіл – ой мен сананың айнасы болғандықтан толыққанды мағыналық бірлік қалыптастыратын қасиетке ие.

Көркем сөздегі жергілікті тіл ерекшеліктері өзіндік ішкі құрылымдарымен айқындалады. Ол, ең алдымен, авторлық ұстанымдардың кейіпкер тілімен берілуі. Төмендегі келтірілген мысалдардан осыны байқауға болады.

Мысалы: Жас төлдерді ішіктіріп алатын болдыңдар – деп тұрмын.

- Ішіккені несі? – деді завхоз онша түсіне қоймай. [6, 18б.] */ішіккені* – ішқұса болғаны/

- Ішіккен төл суға жарымаған пәлек сияқты пүш болып, буылып қалады. [6, 18б.] /пәлек – қауын-қарбыз сабағы/.

Өркениеттер шарықтауына шәк келтіруге бола ма? [7]. /шәк – күмән/

– Нең кем? - деп, оған Әбду мысқылдай қарады,- Бірдемең кем деп жатқан біреу бар ма? Қасқа, ондай сөзді қой. Өзіңмен өзің сөйлесіп, немене, жын көрінді ме? [8, 121б.].

Және бір айта кетер жайт, көбіне авторлық мәтіндерде де диалект сөздердің қолданылуы айрықшаланып тұратыны мәлім.

Мысалы: Жамантаевтан жұрт бөжек көргендей қорқатын еді. [6, 5-б.] */бөжек* – қорқынышты/

Түс ауа екі аяқты «Иж» мотоциклін шайланың астынан сүйреп шығарып, жылтыратып сүртті. [6, 14-б.] */ шайла* – үйшік /

Үстіне көк жібектен тіккен қытайлық «Адидас» формасын киіп, басына әлгі Қалиевтікіне ұқсас айуаны қалақтай ақ телпекті самайы сәл ашыла бастаған сопақ басына басып қондырып алды. [6, 14-б.] /айуаны – төбесі/

Дәптерді жауып, ыстық шайды бір пиаладан бір пиалаға сапырып, шақпақ қанттан шырт тістеп қойып, сораптап ішті [6, 16-б]. */ пиала* – кесе/

Шопанға алыңкелің деген жоқ. [6, 16-б.] /алың-келің - өзбек халқының ұлттық мәдени ерекшелігін негізге алып айтылған сөз/

Лексика – фонетикалық таңбалар жүйесін құратын аталмыш сөздерді уәжді қолданыстар қатарына жатқызуға келмейді. Себебі бұлар белгілі бір деңгейде кейіпкер мінезін ашуға қызмет етіп тұрғанымен, мәтіннің жалпы стратегиялық мазмұнын ашуды көздеп тұрған жоқ. Аймақтық сөйлеу ерекшеліктерінің теориялық әрі іс-тәжірибелік мәнін арнайы зерттеген ғалым Анар Есенбай: «Көркем мәтінде кездесетін кейбір диалект сөздердің орынсыз қолданылуын да арнайы зерттеп, көркем мәтінде жалпыхалықтық әдеби тілдің нормасын сақтау қағидаларын негіздеу керек» екендігін баса айтады. Бұған дәлел ретінде ғалым Ш.Сарыбаевтың көркем әдебиеттердегі кейбір диалектизмдердің орынсыз қолданылуынан болатын кемшіліктерін мысал ретінде келтіре кетеді: «Кейбір жазушылардың әдеби тілімізде қалыптасқан сөздердің орнына жалпыхалықтық сипат алмаған, тосаң естілетін

сөздерді өз баяндауларында жиі қолдануын біз құптай алмаймыз» дей келе, «Ақ Жайық» романындағы жар (қабырға), шаттауық (жаңғақ), қалай-солай (қалай болса солай), мадықтау (мадақтау) сөздерінің мәтінге көркемдік сипат бере алмайтынын көрсетеді. Сонымен қатар көпшілікке мүлде түсініксіз диалектизмдердің де көркем әдебиеттерде берілмеуін ескере отырып, осындай қолданыстардың Ғ.Сланов пен Ә.Нұрпейісов шығармаларында кездесетінін дәйектеп көрсетеді: жуырқан (көрпе), жары (жартысы), келе-жағында.

Қызылорда өңіріндегі жазушылардың көркем туындыларынан әдеби баламасы бола тұра белгілі бір семантикалық міндет жүктелмеген сөздерді кездестіруге болады. Мұндай қолданыстар өз кезегінде көркем мәтіннің мағыналық және көркемдік бүтіндігіне кері әсерін тигізіп жатады. Себебі, төменде берілген мысалдар диалог не монолог барысындағы мәтіндер емес, авторлық баяндауларда берілген.

Мысалы: Қозылар аяқтана келе ауылдардың біразы батысқа, Торғай өзеніне қарай беттесе, біразы Жезқазғандағы Қаракеңгірге құлдайтын болған. [9, 14б.] */құлдайтын – орналастыру/.*

Ақ тақырдың бетін шиырлап тастаған көне сүрлеудің санынан мана әзірде-ақ жаңылғам. [9, 16-б.] */мана* – бағана/.

Кәнігі жүргізушілер табаны ойылып кеткен қара жолдардан гөрі көне сүрлеу, сара соқпақтардың сорабын қолайттайды. [9, 16-б.] */қолайттау* – дұрыс көреді/.

Тас жолдың екі беті – қорыс қар. [9, 35б.] */қорыс – қалың/.*

Зор ашудан қолы қалтырап, үйіне шаққа жетті [8, 152б.]. */шаққа* – әзер/.

Автордың диалектілерді қолдану ерекшелігіне орай оның поэтикалық, әдеби норманы қалыптастыру немесе керісінше бұзу тұрғысында академик Р.Сыздық нақты мысалдармен дәлел келтіреді: «Диалектизмдерді көбірек қолдану өзге жазушыларды да, әсіресе соңғы ширек ғасыр ішінде жарық көрген үлкенді-кішілі проза үлгілерінде орын алады. Мысалы, Б.Алдамжаровтың «Қара нөсер» атты шағын шығармасында («Жазушы» баспасы, 1981) кейіпкерлер тілінде де, автордың өз баяндауында да ояғын (ол жағын), анаяқ (ана жақ), іжқайда (ешқайда), ақ куілділік (ақ көңілділік), еге (ие), ауыш (ауыс), бәте (бата), кәйтсін (қайтсын), дайра (дария), ыңғи (ылғи), сояқ (сол жақ), құдағай (құдағи), отқан (отырған), аял (әйел), жүрәт (жұрағат), ешек (есек), пәт (бет), бір буат қағаз (бір бума қағаз), бүймәлім (беймәлім), жаңғыз (жалғыз), тиыш (тыныш), лайқат (лайық), сүгірет (сурет), ірә (тіпті), енапат (ағыл-тегіл), баратса (бара жатса), кәдірлі (қадірлі), бір күншідей (бір күнгідей) сияқты ондаған сөз стильдік мақсатта да (мүмкін, айталық, кейбір кейіпкерлер тіліндегісі), ешбір зәруліксіз де молынан қолданылған. [3, 242 б.]. Сонымен қатар, автордың әдеби тілдің ерекшелігіне сай деп білген диалектизмдер тізбегі (ақсөңке, жарма, мұрап, қырқым, дақыл, дәнді дақыл, омарта, бақ, бағбан, құбыр, аула, дәліз, зембіл, мөлдек, оман арықты, қасат, қормал, жап, қылағай, қыңа, салынды, шабыра, т.б.) орын алады. Бұл сөздер көбіне, шаруашылық, кәсіптік диалектілерде жиі ұшырасады. Әлбетте, көркем сөздегі диалектизмдердің орнын айқындау кешенді филологиялық талдауды қажет етеді. Бұл жерде бізге лингвистикалық поэтиканың міндетін тереңірек тануға тура келеді. Себебі, жергілікті тілдік ерекшеліктердің

мәтіндегі көрінісі туындының көркемдік бүтіндігіне, автордың стилдік ерекшелігіне байланысты.

Бүгінгі тіл білімінде интеллектуалдық лексика, дәстүрлі диалектикалық лексика, мәдени топтар, әлеуметтік-лексикалық топтар сынды ұғымдар жиі қолданылып жүр. Әрине, біз бұл жерде диалектикалық лексика аясындағы деңгейде ғана айтып отырмыз. Осының өзі жергілікті тілдік ерекшеліктердің көркем сөздегі поэтикалық ерекшелігін ескере отырып этнолингвистикалық жүйеде зерттеу қажеттілігін көрсетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Салқынбай. Тарихи сөзжасам. А., 1999, 228-б.

2. Р.Сыздықова. Сөз қолданыс және әдеби норма // Жазушы және сөз мәдениеті. А., 1983, 149-б.

3. С.А.Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., Учпедгиз. 1959, 451-с.

4. Б.Қалиев. Өсімдік атауларының құрамындағы жергілікті ерекшеліктер // қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. А., «Ғылым», 1990, 141-154-б.

5. Ж.Кеттебеков. А., «Арна», 2009, 400-б.

6. С.Жұбатырұлы. «Ұлы Дала: тамыры терең өркендер бастауы». «Қазақ әдебиеті» газеті. №51. 23.12. 2011.

7. Б.Алдамжаров. Жықпыл. А., 1986, 356-б.

8. С.Байхонов. Бетпақдала шөл емес. Астана: Фолиант, 2003, 272-б.

9. «Әдебиет танытқыш» (1926) // Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. Т. 1. А., Алаш, 2003, 408-б.

10. Ұ.Еркінбаев. «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. А., Әдебиет және өнер институты, 2009, 168-б.

Раушан РЫСҚҰЛОВА,
Халықаралық үздіксіз
білім беру колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы қаласы.

ТІЛ ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Өзге ұлт мектептерінде мемлекеттік тілді оқытумен орай оны күнделікті өмірде қолдана алуына, яғни, іс жүзіне асырудағы жұмыстар мұғалімдердің алдына жауапты міндеттер қойып отыр. Атап айтқанда, өзге ұлт өкілдеріне ғылым негіздерінде терең де тиянақты білім беру, оларды тәжірибеде қолданудың қабілеттілігі мен дағдыларын қалыптастыру, оқу жоспарларын, бағдарламаларды, көрнекті оқу құралдарын, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық үдерістің талаптарын оқушылардың жас ерекшеліктерімен сәйкестендіру, еңбек тәжірибесін, оқытуды және кәсіптік бағдар беруді жолға қою, түбегейлі жақсарту міндеттері қойылып отыр. Бұл – мұғалімге деген шын қамқорлық, халық ағарту ісін одан әрі дамыту, қазақ тілі пәнін жоғары ғылыми негізінде ұйымдастыру, жаңа сатыға, жаңа белестерге, соны мазмұнға көтеру мақсатын іске асырудан туған жайлар екенін көруге болады. Жалпы білім беретін мектептерге бағытталған реформалардың негізгі мақсаты, атап айтқанда, оқыту үдерісіне аса көңіл бөлу қажеттігін, әсіресе күнделікті сабаққа барлық оқу-тәрбие ісінің мүмкіндіктерін пайдалануға міндеттеп отыр. [1:128] Өзге ұлт өкілдерінің тілін дамыту – қазіргі мектептегі оқу–тәрбие ісіндегі басты мәселе. Сондықтан, мұғалімнің

қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту, байланыстырып сөйлеуге айрықша көңіл бөліп, тілдік материалдарды дұрыс таңдай білу (сөздің, сөйлемнің үлгілерін беру), оны дұрыс бере білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асырылады. Демек, қазақ тілі пәнін оқыту барысында мұғалім оқушының ойын логикалық жағынан дұрыс, анық, қазақтың әдеби тілінің мөлшеріне лайықты, дұрыс айта білуге үйретумен бірге, екінші жағынан, ойын орфографиялық және пунктуациялық жағынан дұрыс жаза білуге жаттықтырылады. Оқушының жазбаша және ауызша ойын дұрыс айта білуіне үйрететін – мұғалім. Сондықтан мұғалім тілдің тарихын, грамматикасын, стилистикасын, орфографиясын, лексикасын, пунктуациясын жақсы біліп, меңгеруі қажет. Әр мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылық мәнде жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, үйренуіне,білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Демек, оқушылардың тілін дамыту жұмысы – ол баланың жалпы ойын дамыту деген сөз. Өйткені, оқушы қай пәнде оқып-үйренсе де, ол өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады. Сондықтан қазақ тілі сабақтарындағы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы ойын дамытуға бағытталады. Яғни, оқушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырыла, сондай-ақ ойлау мен сөйлеу үдерісінің бірлігінде ұйымдастырылады. Балалардың жас ерекшелігіне байланысты тәрбиелік мәні бар жаттығу материалдары әр сынып оқушыларының жас ерекшелігіне қарай балалардың жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып,

олардың ой-өрісін жетілдіру мақсатын көздейді. Сондай-ақ тіл дамыту жұмысын ауызша-жазбаша жаттығулар, шығарма, диктант сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асыруға болады. Қазақ тілін оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс бере білуге үйрету. Тіл дамыту жұмысы, негізінен, мынадай төрт бағытта жүргізіледі: бірі – мәдени, әдеби сөйлей білудің мөлшеріне үйрету, яғни, орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту. Демек, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделеді. Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздің байланысын, сөйлем құрап үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан мәлімет беру. Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі. Міне, тіл дамыту жұмысының негізгі мазмұны осындай төрт мәселе айналасында қарастырылып, іске асырылады. Дидактикалық қағидалар – қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негізі болып саналады. Қазақ тілін оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысы да мынадай дидактикалық негізде жүргізіледі: сөйлеу мен ойлаудың бірлігі қағидасы арқылы оқушы тіл мен ойлау бір-бірімен байланыста екендігін ұғады. Тілсіз ойлаудың болмайтындығы, әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетіндігін, яғни, сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді. [2:448] Бұл қағида арқылы оқушының ойлау әрекетін дамыта отырып, түрлі ой қорытындыларын жасай білу дағдылары

қалыптастырылады. Яғни, бір нәрсені екінші затпен салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жүйелеу, белгілі затты белгісізбен салыстыру, тағы да басқа түрлі ойлау әрекеттерін үйренудің нәтижесінде ой арқылы білім жүйелерін меңгереді. Бұл қағидаларды негізге ала отырып, қазақ тілінің бағдарламалық материалдарын мұқият қарастырып, әр тақырыпты оқытумен байланысты түрлі тапсырмалар беріп, оны оқушы қалай орындады, одан қандай қорытынды шығарды, ол тапсырманы, жаттығуды орындауда неге сүйенді, қандай ойлау әрекеттерін жасады деген мәселелерге көңіл бөлінеді. Сондай–ақ, қағиданы іске асыруда назар аударатын екінші басты мәселе – оқушылардың орфографиялық ережелерді саналы меңгеруін қалыптастырып, дұрыс сөйлей білуге, сауатты, қатесіз жазуға дағды беру. Сөз тіркесі, сөйлем құрауға үйрету жұмысы арқылы оқушы ойын байланыстырып айта білумен бірге, жаза білу дағдыларын қалыптастырады. Грамматиканы, синтаксисті жақсы меңгерген оқушы сөз тіркесін дұрыс біліп, сөйлемді құрастыра алады. Сөз тіркесі және сөйлемді дұрыс құрату арқылы оқушыны тілдік фактілерді орынды қолдана білуге, әсіресе, синонимдік қатарларды, сөзді талғап, таңдап қолдануға үйретемін. Сөз тіркесі, сөйлемді құрату жұмысы да барлық грамматикалық тақырыптарды оқытумен орай іске асырылады. Мысалы, “Синтаксис және пунктуация”, “Сөйлем мүшелері”, “Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері” тақырыптарын оқытумен байланысты қарастырған жөн. Мұғалім жаттығу жұмыстарын грамматика-стилистикалық бағытта ұйымдастырады. Дайын мәтін ала отырып, оған грамматика-стилистикалық талдау жасауына болады. Оқушылардың назарын сөйлем құрылысына аударып, қалай жасалғанын, қандай стильдік қателер барын немесе қандай

ерекшелікпен (сөзді қолданудағы) көрінетіндігін байқатады. Оқушыларға мынадай жұмыстар орындату тиімді: сөз тіркестері арқылы сөйлем құрату, жай сөйлемді жалпылама сөйлемге айналдыру, аяқталмаған сөйлемді аяқтау, диалогты сөйлем құрату, әңгімені аяқтау, белгілі таныс тақырыптар бойынша бір-бірінің жұмысын тексеру, тағы басқа осындай жүйелі жүргізілген жұмыстар арқылы оқушы дұрыс сөйлем құрастыруға бейімделеді.Оқушы сөз тіркесі мен сөйлемнің түрі және мазмұны арасындағы байланысты меңгеруі тиіс. Алдымен сөз тіркесі және сөйлемнің өзара құрылымдық айырмашылығының неде екендігіне оқушы көзін жеткізу қажет. Демек, сөз тіркесі категориясының лексикамен, морфологиямен тығыз байланысты екендігін, сондай-ақ сөз тіркесі лексика мен морфологияны синтаксиспен тығыз байланыстыратын синтаксистік категория екендігіне баса назар аударылады. Бұл лексикамен тығыз байланыстылығы құрамына енген сөздердің толық лексикалық мағынаға ие болуы және бір-бірімен байланыста айтылатындай тіркесімдік қабілеті болуы шарт екендігінен көрінсе, морфологиямен байланыстылығы, сөз бен сөз белгілері бір қосымша арқылы, яғни, сөз тұлғасы арқылы байланысатынынан, екінші жағынан, белгілі бір сөз табынан сөз тіркесі жасалатындығы байқалады. Ал байланысқа түскен сөздердің грамматикалық қарым-қатынасы лексико-грамматикалық деп те, синтаксистік қарым-қатынас деп те аталады. Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен байланыстылық қағидасы да басты орын алады. Адам бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым-қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін естиді, тыңдайды, әрі онымен пікір алысып сөйлеседі. Адам осындай сөйлеу барысында тілдің түрлі көркемдік, тілдік құралдарын

пайдаланады. Мысалы, мақал-мәтел, теңеу, салыстыру, әсірелеу, сөзге екпін түсіріп айту, ымдау, тағы да басқа әрекеттер арқылы сөйлеу үрдісінде екінші бір адамға ойын жеткізеді.

Ауызекі сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлемдермен айтуға бейім келеді, мысалы, сөйлемнің айқындауыш, оңашаланған мүшелерін, құрамдас сөйлем түрлерін қолдана бермейді. Ал жазбаша сөйлеу графикалық жазу таңбалары арқылы іске асады. Жазбаша сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлеммен де, құрмалас сөйлем түрімен де бере алады. Демек, жазбаша сөйлеу тілінде белгілі жүйелі байланыс болады. Адам сөйлеммен ойын жүйелі беруде тілдегі жалғау, жұрнақ, түрлі тыныс белгілерін (нүкте, қос нүкте, үтір, сызықша, тырнақша, леп белгісі, сұрау белгісі, т.б.), синоним, омоним, теңеу, салыстыру сияқты тілдік құралдарды пайдаланады. [3:56] Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген, оған жаттыққан оқушы ойын жазбаша да дұрыс, жүйелі бере алады. Сондықтан бұл екі үрдіс бір-бірімен бірлікте, байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтиже береді. Тіл дамыту жұмысын грамматика, орфография, пунктуация және әдебиетпен байланыстыра жүргізу қағидасы да ерекше орын алады. Оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білудің, тыныс белгілерін дұрыс қоюдың, көркем әдебиетті көп оқудың үлкен мәні бар. Демек, мұғалім қазақ тілі сабақтарында үйретілген ережеге сай түрлі жаттығу жұмыстарын орындатып, тыныс белгілерін дұрыс қою жолдарын көрсетіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы қажет.

Тіл дамыту жұмысын стилистикамен байланысты жүргізу қағидасы да ерекше. Стилистикамен жұмыс грамматиканы, лексиканы, фонетиканы оқытумен тығыз

байланыста жүргізіледі. Стильдің түрлерін жақсы меңгерген оқушы тілдің морфологиялық құрылысын, яғни, сөздердің мағынасына, тұлғасына және синтаксистік қызметтеріндегі өзіндік ерекшеліктерді ажыратып, күрделі сөз тіркесінің құрамын негізгі және көмекші сөздер, олардың өзара байланысын ажырату, жазылуы қиын орфографиялық ережелерді меңгертіп, дұрыс, сауатты жазуға дағды алатын болады. Синтаксисті оқу барысында түрлі синтаксистік конструкцияларды меңгеріп, сөз тіркесі мен сөйлем ішіндегі сөздерді тұлғалық формаларына қарай таңдап қолдануға дағдыланатын болады. Мұғалім оқулықтағы жаттығулардан, дидактикалық материалдар жинағындағы мәтіндерден стильмен жұмыс істеудің жолдарын көрсетіп отырады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабақтары бойынша жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарын жоғарыдағы айтылған қағидаларды ескере отырып ұйымдастыру – пайдалы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.М.Артыкова. Педагогические условия формирования учебной языковой среды при обучении государственному языку. А., 2003, 176-с.
2. Т.М.Әбдікәрімова. Бастауыш сыныпта текст арқылы ауызша тіл дамыту. А., 1993.
3. Ә.Әбілқаев, Б.Құлмағамбетова. Қазақ тілін оқыту. Әдістемелік нұсқау. 7-сынып. А., 1984.
4. Д.Әлімжанова, Ы.Маманов. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1965.
5. Р.Әміров. Бірінші сыныпта оқушылардың тілін дамыту үшін істелетін жұмыстар. А., 1967.

Айтжан АҚШАЛОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Шемонаиха қаласы.

ОҚЫТУДЫҢ ЖЕКЕЛЕЙ БАҒДАРЛАУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ САБАҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ҚҰРУ

Бір сыныпта отырған балалардың оқу ынтасына қарай тілді білу дәрежесі де әр түрлі болып келеді. Сол себепті де нақты нәтижеге қол жеткізу үшін Ж.А.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық технологиясының тиімді екенін күнделікті іс-тәжірибеміздің көріп жүрміз.

Бұл әдістің негізгі ұстанымы - қарапайымнан күрделіге жетіп, игеру, деңгейге бөліп оқытудың тиімділігі: біріншіден, оқушының психологиялық танымы, екіншіден, теориялық дайындығы есепке алынуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар арқылы мұғалім оқушының нені меңгергенін, нені меңгермегенін біледі. Соның нәтижесінде оқушыда намыс оты оянады, басқалардан қалып қалмауға тырысады.

Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға көмектеседі, өйткені ол оқушының ойлау қабілетін, ынтасын, белсенділігін көтереді. Әр оқушының оқушылық деңгейде білім алуына мүмкіндік береді. «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған.

Деңгейлік тапсырмаларды белгілі бір тақырыпты өткен кезде не бақылау жұмысын жүргізгенде және қайталау сабақтарында пайдалану өте ұтымды.

Деңгейлік әдістің ең маңыздылығы-оқушының шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады, әр оқушыны өздігінен үйренуіне баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырып, ой еңбегімен айналысуына жетелейді. Бұл әдістің тағы бір ұтымды жағы-оқушы өзінің нені білмейтінін анық аңғарып, келесіде көп ізденіп, оқып келеді. Өзі ізденіп оқығанда кімнің болса да ол нәрсе есінде анық қалады.

Деңгейлік тапсырмаларды дер кезінде орындап, тапсырған оқушы сынақ емтихан алдында өзіне таныс деңгейлік тапсырманы бір қарап шыққанда есіне түсіріп, тақырыпты қайталап алып, жақсы үлгерім, нәтиже көрсетіп жүр.

Деңгейлік тапсырмалардың негізгі қағидасы-белгілі бір өткен тақырып IVдеңгейде ұсынылады.

Деңгейлік тапсырмалар беру арқылы балалардың тілін дамытып, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік бар. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі: оқушылардың сабақ үстінде бірнеше жұмыс жүргізе алатындығында.

Сонымен, қорыта келгенде, орыс мектебінде қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа инновациялық технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін мәнділігі бұдан да кем емес.

Сөйтіп, осындай жүйелі жұмыстар нәтижесінде оқушының күннен-күнге білімге деген ынтасы арта түседі, олар өз бетімен шығармашылықпен айналысуға қалыптасады. Өзін-өзі бағалап, өз күшіне деген сенімділік пайда болады, оқудың мәні мен мақсатын айқын түсінеді.

Жеке тұлға ретінде дамуына әсер етеді.

Көрікті жерлер

Көкшетау – Қазақстанның ең көрікті жерлерінің бірі. Ол – қазақтың Швейцариясы атанған өлке.

Көкшетау өңірі таулармен, қалың орман,үлкен көлдерімен, жабайы хайуанаттарымен белгілі.

Орманда негізінен қайың мен терек өседі. Көлдері мөп-мөлдір.

Көкшетау ормандарында бұғы, елік, тауларда арқар мекендейді.

Көлдері балық пен жабайы құстарға толы.

Сөздік:

Ең көрікті – самый красивый;

өлке – край; *қайың – береза;*

терек – тополь; *өңір – окрестность;*

мекендейді – обитают; *асқақ – величавый;*

жабайы – дикие; *хайуанаттар – животные.*

Деңгейлік тапсырмалар**:**

І деңгей.

1. Мәтінді түсініп оқып, мазмұнда.

2. Мына сөз тіркестерін аудар: көрікті жерлер, асқақ таулар, қалың орман, жабайы хайуанаттар.

ІІ деңгей.

1. Үлгі бойынша сөйлемдерді есімдіктермен жазыңдар**:**

Үлгі: Мен Көкшетауда болдым.

Көкшетауда болдым.

Табиғаты өте ұнады.

Суға шомылдық, жидек тердік.

2. Жақшаның ішіндегі сөздер мен сөз тіркестерін аударып жазыңдар.

1. Көкшетаудың (природа) өте көркем.

2. Көкшетау өңірі (высокими горами, густыми лесами) белгілі.

3. Орманда (в основном) қайың мен терек өседі.

4. (озера) мөп-мөлдір.

III деңгей. Өлеңді жаттап ал.

Бурабай

Қайың шырша, қарағай Бурабай ма, Бурабай
Көл жиегін жағалай, Орманға бай, суға бай.
Дөңгеленіп тұрады Қысы – жазы жайнайды,
Қол ұстасқан баладай. Жасыл нулы құралай.

Қорықтар

Қазақстанда көптеген қорықтар бар. Қорықтардың мақсаты – табиғатты зерттеу, қорғау және сақтау.

Ақсу-Жабағылы – Қазақстан жерінде 1926 жылы ең алғаш ашылған қорық. Мұнда ең ірі Ақсу және одан кіші Жабағылы өзендері ағады. Қорықта бүркіт, қарақұс, кекілік, т.б. құстар тіршілік етеді. Көкқұс, барыс, қоңыр аю, арқар Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген.

Сөздік:

қорық – заповедник; *мақсат – цель;*
зерттеу – исследовать; *қорғау – защищать;*
қарақұс – могильщик; *кекілек – куропатка;*
тіркелген – занесены.

Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей.

1. Мәтінді түсініп оқып, мазмұндау.

2. Қорықтардың сөзіне морфологиялық талдау жасау.

3. Синтаксистік талдау.

Мұнда ең ірі Ақсу және кіші Жабағылы өзендері ағады.

II деңгей.

1. Сұрақтарға жауап бер.

Қорықтардың мақсаты қандай? Ақсу-Жабағылы қорығы қай жылы ашылды?

Қорықта қандай құстар мен аңдар тіршілік етеді?

2. Сызба бойынша әңгіме құрастыр.



III деңгей. Қорықтар туралы реферат жазу.

Туған күн кеші

Менің туған күн кешіме үлкендер,сыныптастарым келді. Қонақтар бақыт, денсаулық тіледі. Анам қонақтарға ет асты, палау, бауырсақ пісірді. Салқын тағамдардан әр түрлі салаттар дайындады. Соңынан қонақтар шай, қымыз ішті. Тамақтан кейін үлкендер өлең айтып, би биледі. Біз достарымызбен әр түрлі ойын ойнадық. Туған күн кеші өте көңілді өтті.

Сөздік**:**

кеш – вечер;
салқын тағамдар – холодные блюда;
көңілді – весело;
өлең айту – петь;
өтті – прошло;
би билеу – танцевать.

Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгей.

1. Мәтінді түсініп оқы, жаңа сөздерді сөздікке жаз.

2. Қонақжайлылық сөзіне фонетикалық талдау жаса.

3. Сұрақтарға жауап бер.

Қонаққа кімдер келді?

Қонақтар не тіледі?

Туған күн кеші қалай етті?

II деңгей.

1. Сөйлемдерді түсініп, дәптерлеріңе жазып алыңдар.

Сөйлемдегі тұрлаулы мүшелердің астын сызып, сұрақ қой.

А) Қонақжайлылық – қазақтың ерекше қасиеті.

Б) Ол туралы көптеген аңыз, дәстүрлер бар.

2. Берілген нақыл сөздерді есте сақта.

Төр – есікке қарсы сыйлы орын.

Қонақ төрге шығады.

Қыз босағада отырмайды.

Төрде сыйлы кісі отырады.

III деңгей. Мәтін бойынша диалог құрастыр.

Отбасындағы дәстүрлер.

Жаңа жылды қарсы алу

Жана жылды қарсы алу – отбасындағы дәстүрлердің бірі. Бұл күнді адамдар өз отбасыларында немесе достарымен, туыстарымен бірге мерекелейді. Үй иелері көп қонақ шақырады, дастарқанға түрлі тағамдар, жеміс, шырын, шараптар қояды. Балалар үлкендермен бірге шыршаны айнала би билеп, өлең айтып, ән салып, көңілді демалады. Бір-біріне жаңа жылда жұмыста табыс, өмірде бақыт және денсаулық тілейді. Жаңа жылды қарсы алғаннан кейін адамдар көңілденіп далаға шығады, қыдырады немесе теледидардан концерт көреді.

Сөздік:

қарсы алу – встречать;

тілеймін – желаю;

мен де саған соны тілеймін – и тебе того же желаю;

бақыт – счастье;

денсаулық – здоровье;

жұмыста табыс – успехов в работе.

Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей.

1. Мәтінді түсініп оқы, орысша мазмұнда.

2. Мәтіннен етістіктерді теріп жаз.

3. *Қарсы ал* етістігін келер шақта жікте.

1 ж. Мен қарсы ал...

2 ж. Сен қарсы ал...

Сіз қарсы ал...

3 ж. Ол қарсы ал...

II деңгей.

1. 2-сөйлемді сөйлем мүшелеріне талда.

2. Сұрақтарға жазбаша жауап бер.

Жаңа жылды адамдар кіммен мерекелейді? Балалар қалай демалады? Не тілейді?

III деңгей. Өленді жатта.

Жаңа жыл жыры

О, алақай,
Аяз атай
Келе жатыр алыстан.
Кел, билейік,
Үйренейік,
Ол келгенше жаңа жыр.
Құтты болсын,
Құтты болсын,
Құтты болсын
Жаңа жыл!

Анар ЗЕЙТОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Абай ауданы.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының үшінші (негізгі) деңгейін меңгерген соң, мен де өз іс-тәжірибеме жаңаша көзбен қарайтын болдым. Басты мақсатқа оқушылармен бірге өзім де көп нәрсені үйренуді қойдым.

Бағдарламаның 7 модулін әрдайым өз сабақтарымда қолдануды басты ұстанымға алдым. Осы жеті модульде қарастырылған идеялар сабақта пайдаланылатын жекеленген стратегиялар мен тәсілдер сияқты өзара байланыста болады.

Бұл 7 модуль:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.
5. Дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.

7. Оқытуды басқару және көшбасшылық.

Аталған модульдерді сабақта үнемі қолдану арқылы күтілетін нәтижелер: оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды.

Топтық жұмыс барысындағы ережелер:

- кезекпен сөйлеу;
- белсенді тыңдау;
- сұрақтар қою, бір-бірінің сұрағына жауап беру;
- өз пікірлерін айту, басқалардың пікірлерін тыңдай білу;
- өз ойын жүйелі түрде жеткізе білу;
- ұжыммен ортақ пікірге келе білу;
- сыныптастарына көмек көрсете білу, өзі де көмек сұрай білу;
- түсініктеме беру, түсінбегеніне дәлелдеме сұрау;
- ұсыныстарды бағалай білу;
- топпен ортақ шешімге келу;
- талқыланған сұрақтың нәтижесін шығару;
- өз пікірін дәлелдей білу;
- тапсырманы берілген уақытта орындау.

Сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін жеткілікті дәлелдер бар.

Диалог:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;

- басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектеседі;
- оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі.

Егер білім игеруде мұғалім дайын білім берсе, онда тіпті жақсы оқитын оқушылардың өздеріне де алған білімдерін есте сақтау қиындық тудырады, тестіден немесе емтиханнан өткеннен кейін мүлдем ұмытып қалады.

Осыған орай, әр сабақта оқушыларға жаңаша жұмыс жасау түрлерін үйреткен жөн: олар өздерінің болжамдары мен сұрақтарын құрастырады, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, идеялармен тәжірибе жасайды және қателер жасау, оларды бірігіп түзету арқылы түсіне отырып, тәуекелге барады.

Мен өз сабақтарымда стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде биылғы оқу жылынан бастап қолданып келемін. Сабақта қолданып жүрген әдістерім мынадай:

- қызығушылықты ояту фазасында ой қозғау (шақыру);
- мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең;

- ой толғаныс фазасында Венн диаграммасы, кластер құрау, сызба жасау, салыстырмалы кесте жасау, коллаж жасау, «Ыстық орындық», «Бүгінгі күннің сөзі», «Бір минуттық эссе», еркін жазу, формативтік (қалыптастырушы) бағалаудың түрлері, т.б.

Осы қолданып жүрген стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол саламын деп ойлаймын.

Жаңа технологияларды қолдану арқылы сабақта мынадай нәтижелерге жеттім:

- Сабақтың жаңа құрылымы пайда болды.

- Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде менің сабағымда оқушылар арасында:

- бір-бірінің пікірін тыңдап, ынтымақты қарым-қатынастың негізі қалана бастады;
- өзін жеке-дара тұлға ретінде тануға жол ашуға жағдай жасалуда;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға тырысады;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға үйреніп келеді;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға қысылмайды;
- достарының ойын тыңдап, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуді үйреніп келеді;
- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды.

Әсел ИБРАЕВА,
№7 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Қостанай облысы,
Қостанай қаласы.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Қазіргі таңда құзыретті ойлау – табысты білім алудың бір шарты. Құзыретті ойлау тек қана математикалық тапсырмалар ғана емес, сонымен қатар грамматикалық тапсырмалар негізінде жатыр. Есептің шешімі болжап табуды көздемейді, түсінуді, пайымдауды, ойлауды, бір заңдылыққа сүйенуді талап етеді. Тұрақты түрде құзыретті тапсырмаларды орындап отырған балалардың пайымдауы дәл, анық және оларға қорытынды шығару оңайға түседі. Ал бұл бала оқытуын жеңілдетеді. Осы тапсырмалар сабақты қызықты етіп, баланың пәнге деген уәждемесін арттырады. Сондықтан әр сабағымда құзыретті ойлауды дамытатын 1-2 тапсырма қосып отырамын. Баланың деңгейіне байланысты құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар жіктеліп беріледі.

Сабағымда қолданып жүрген тапсырмалардың бірі – **әріптік матрицалар**. Мысалы: Әріптік матрица арқылы сөзді тап, фонетикалық талдау жаса.

1 2 3 3 2 2
4 5 5 4 4 6

	1	2	3
4	Д	А	Т
5	Е	О	С
6	Б	Р	П

(Жауабы: достар)

Матрицалардың сан алуан түрлері бар. Берілген әріптік матрицадан мына сөздерді тап: дос, тату, жақсы. Оларды сандармен жаз.

	1	2	3	4	5
6	Д	Т	Ж	Ы	Б
7	А	О	Қ	І	У
8	Р	С	П	Ф	Ь
9	Г	Н	М	Х	Л
10	Е	И	З	И	Б

(Жауабы: 1 2 2, 2 1 2 5, 3 1 3 2 4,
6 7 8 7 7 7 7 6 7 7 8 6)

Тағы бір жұмыс түрі – **Әріптік қатарды аяқтау**. Мысалы: Заңдылықты шешіп, керек әріпті жаз. Сол әріпке басталатын 3 сөзді айт.

А Б Ғ Ж Қ ...

(Жауабы: Ө әрпі: А мен Б арасы бір әріп, Б мен Ғ арасы екі әріп, Ғ мен Ж арасы үш әріп, Ж мен Қ арасы төрт әріп, Қ мен Ө арасы бес әріп). Оқушы логикалық тапсырманы орындап, грамматикалық тапсырмаға көшеді. Осы жерде табылған әріпке үш сөз жазып, фонетикалық талдауды жасау керек.

Берілген тапсырмалардың тағы бір формасы – **заңдылық бойынша сөзді тап**: Екі сөзден бір сөз құрастыр, сөздермен сөз тіркес жаса. Өрмекші (...) теплоход, доп (...) сағат, маса (...) математика, балта (...) туыс. *(Жауабы: мектеп, дос, Самат, тату).*

Осындай заңдылықтардың сан алуан түрлерін құрастырып, балаларға беруге болады: Әр сөзден екінші буынды алып, сөздерді жаз, буынға бөл.

Арба (.....) лаула

Дуал (.....) жарты

Білсе (.....) өгіз

Өсу (.....) аңғар

(Жауабы: бала, алты, сегіз, суғар).

Оқушылардың қызығушылығын арттыратын тапсырмалар – **құпиялы шифр**. Мысалы: Шифр бойынша сөзді тауып, сөзге фонетикалық талдау жаса.

25 1 25 26 16 37 15

(Жауабы: татулық: қазақ әліпбиінде 42 әріп бар, әр әріп өз ретімен жазылған, мысалы т әрпі әліпбиде 25-әріп).

Немесе мынадай тапсырма: Жауапты шифр түрінде бер. Әр әріптің өз коды бар. Керек әріпті қойып, қойылған әріпті кодпен жаз.

...лия, м...рын, ...лкен, ...ас...ыр, ти...н, т...лкі, а...аш, ...о...ырау, ...зен.

Ә – 1, Ө – 2, Ұ – 3, Қ – 4, І – 5, Ғ – 6, Ү - 7 , Ң – 8

(Жауабы: 1 -1, 2 – 3, 3 – 6, 4 – 4, 5 – 5, 6 – 7, 7 – 6, 8 – 4,8, 9 – 1).

Матрешка – сөздер тапсырмасы оқушы ойын кеңейтіп, сөздердің мағынасын түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы: Берілген сөздердің ішінен сөздерді тап. Құлақшын, қолғап, оқулық, кітап, өшіргіш, қарындас, іні, етік, қағаз, сыртқы. *(Жауабы: құлақ, қол – қап, оқу, тап, өшір, қарын, ін, ет, аз, сырт).*

Сөзжұмбақтар: Сөзжұмбақты шеш. Бос торларға сөздерді жаз, торлардың саны әріптердің санына сәйкес келеді.

к			
и			
і			
м			

Сабақтарымда қолданылатын **логикалық есептердің** баланы қызықтырудағы рөлі ерекше: Есепті шеш.

Айданада төрт көйлек бар. Біреуі ақ түсті, біреуі көк түсті, біреуі сары түсті, ал төртіншінің түсі белгісіз. Оның түсі қандай? Қандай екенін түсініп, жауабын жаз: күлгін, қара, сұр, жасыл. *(Жауабы: Ақ – 2 әріп, көк – 3 әріп, сары – 4 әріп, сонда төртінші түс жасыл – 5 әріп).*

Реттік тапсырмалар да пәнге деген ынтасын арттырады: Реттік заңдылықтағы сөздерді тауып жаз, жазған сөздерді буындарға бөл. Мамыр – … , таң – … , жексенбі – … , жаз - ..., бетті жуу - ..., . *(Жауабы: маусым, күн, дүйсенбі, күз, бетті сүрту).*

Кеңінен қолданып жүрген тапсырмалардың бір түрі – **заңдылық тапсырмалар.** Мысалы: Бірінші және екінші сөз арасындағы заңдылықты түсініп, керек сөзді жаз.

Кітап – оқу, дәптер – .... Сурет – салу, ән – ...

Еден – кілем, үстел – … Сым – электр, тамыр – …

Үйір – қасқыр, табын – … Құлақ – сырға, саусақ – …

Қар – қыс, батпақ – …

(Жауабы: жазу, айту, дастарқан, қан, жылқы, сақина, күз).

Қазақ тілі сабақтарында құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі ерекше орын алады. Құзыреттілікті қалыптастыру тапсырмаларын қолдану пән бойынша сапалы білім алу және білімді практика жүзінде қолдану мәселелерін шешеді. Осындай тапсырмалар оқушының зор ынтасын тудырады, білгенін тереңдетіп, жаңа іс-қимылға жетелейді.

Гүлсім БАЙМҰХАМБЕТОВА,
Алматы қаласындағы
№5 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛ ҰСТАРТУ САБАҚТАРЫНДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Сабақтың тақырыбы: Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Өзімшілдік» әңгімесі.

Мақсаты: 1) мәтінді мазмұндауға үйрету, оқушылардың ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту; 2) алған білімдерін шығармашылықта қолдануға дағдыландыру, мәтіннен қорытынды шығаруға бейімдеу; 3) Ш.Құдайбердіұлының өнегелі қасиеттерін оқушының бойында қалыптастыруға ықпал ету. Мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білім беру. Мәтінмен жұмыс. Хат жазу. **Әдісі:** сұрақ-жауап, жұппен, топпен, ұжымдық жұмыс, ой бөлісу. **Көрнекілік:** Шәкәрімнің портреті, шығармалары, тірек-сызбалар, жаңа сөздер, кесте, мақалдар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Үй жұмысын тексеру.

Тірек-сызба арқылы оқушылар Шәкәрімнің өмірі, шығырмашылығы туралы әңгімелейді. Екі-үш оқушы ақынның «Мен кетемін, келеді...» өлеңін жатқа айтады.

Мұғалімнің сөзі: - Абай да, ақынның шәкірті – Шәкәрім де өз өлеңдерінде адамгершілікке, тазалыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке шақырған. Бүгін біз Шәкәрім Құдайбердіұлының бір әңгімесімен танысамыз. Ол «Өзімшілдік» деп аталады.

Сөздікпен жұмыс.

Мәтінмен таныстыру (үнтаспадан тыңдату).

Бір байдың қызына шешек шығып, бетін тыртық қылғандықтан, ешкім алмай, аяғында екі көзіне ақ түскен бір соқырға беріпті. Сол кезде Үндістан жағынан көздің ағын сылып жазатын бір дәрігер келгенін естіп, әлгі байдың бір досы келіп: «Сондай дәрігер келіпті, күйеу балаңыздың көзін неге қаратпайсыз?» - десе, бай айтыпты: «Оның көзі ашылған соң, қызымның бетіндегі тыртығын көріп, шығарып жібереді ғой. Қызым жалғыз қалғанша, күйеуі соқыр қалпында қалғаны артық»,- депті.Сонда досы: «Күйеу баласының көзін аямаған кісі, досының көңілін аяй ма? Енді біз дос бола алмаймыз», - депті.

Жаңа сөздермен жұмыс.

Түсінгендерін сұрақ-жауап арқылы тексеру.

Ой бөлісу.

Байдың істегені дұрыс па?

1-топ	2-топ
дұрыс	дұрыс емес

Әр топ өз ойын дәлелдейді, аяғында ортақ байламға келеді.

Дұрыс аудармасын тап жұмысы:

Байға досы келеді.	Жених хочет вылечиться.
Жігіт көргісі келеді.	Отцу приходит мысль.

Күйеу бала емделгісі келеді. К баю приходит друг.
Әкесіне ой келеді. Джигит хочет видеть.
Байдың қолынан
емдету келеді. Бай может вылечить.

Дұрыс нұсқасын тап жұмысы (интербелсенді тақтада тест сұрақтары)

1. Байдың қызының беті:
а) әдемі; ә) тыртық; б) қызық.
2. Күйеу баланың көзі:
а) көрмейді; ә) нашар көреді; б) жақсы көреді.
3. Бай досын:
а) тыңдайды; ә) естімейді; б) тыңдамайды.
4. Қыздың әкесі..... аямайды:
а) ештеңені; ә) ешкімді; б) ешқандай.
5. Ол тек …… ойлайды:
а) досын; ә) озін; б) күйеу баласын.

Синкуейн стратегиясы:

1-топ:	2-топ:
1. Өзімшіл адам.	1. Дос.
2. Қандай?	2. Қандай?
3. Не істейді?	3. Не істейді?
4. Сөйлем.	4. Сөйлем.
5. Синоним.	5. Синоним.

Дос, достық туралы мақал-мәтелдер оқыту, түсінгендерін айтқызу**.** Қай мақал осы мәтінге эпиграф болуға лайықты деп санайсыңдар? Дәлелдеңдер.

1. Үйдің жылы-суығын қыс түскенде білерсің,
Достың жақсы-жаманын іс түскенде білерсің.
2. Жаманға жан жуымас.
3. Нағыз дос қиыншылықта қасыңнан табылады.

Рефлексия:

не түсіндім? кім ұнады? кім ұнамады?

Үй жұмысы: Ұнаған тақырыпқа шағын шығарма жазу.

1. Байдың досына хат жазу.
2. Байға хат жазу.
3. Байдың орнында мен болсам.....

Дос, достық, өзімшілдік, адамгершілік туралы мақалдар табу, жаттау.

Гүлден БЕЙСЕМБАЕВА,
Бірінші Теміртау классикалық
лицейінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Теміртау қаласы.

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ. «ТОЛАҒАЙ»

Мақсаты: әдеби ертегі туралы шолу жасау; аңыз мазмұнын меңгерту. **Міндеттері: білімділік** – ақынның сөз көркемдеуіш өнерін таныту; **дамытушылық** – тану, түсіну, ойлану қабілеттерін; елестету және шығармашылық ізденістерін; бір әрекеттен екінші әрекетке жұмылдыру дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – Отаншылдыққа, туған жерге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке, табиғат әсемдігін аялап, оған үлестерін қоса білуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа материалды түсіндіру. **Әдісі:** шығарма көркемдігін ашатын ойын әдісі. **Көрнекілігі:** кітап, сурет, сауалдар жазылған кәртішкелер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу; сыныпты түгелдеу; оқушы назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау кезеңі:

- Үйге қандай тапсырма берілді?
- Қазақ ертегілерінің қандай түрлері бар?
- Оларды атап, мысал келтіріңдер.
- Әдеби ертегі дегеніміз не?
- Кімнің әдеби ертегісін үйде оқып, аударып келдіңдер?

III. Сабақтың мақсатын, барысын хабарлау кезеңі.

- Балалар, бүгін сабақта Ә.Тәжібаевтің «Толағай» атты ертегісін мазмұндаймыз, көркемдеуіш сөздерін тауып, шығарманың негізгі идеясын ашатын боламыз.

VI. Негізгі кезең.

- «Толағай» ертегісін тізбектесе отырып мазмұндап шығайық.

<u>Автордың көркемдік өнерін тану:</u>

- Балалар, қазір біз ойын ойнай отырып, автордың көркемдеуіш құралдарын қалайша қолданғанын тауып көрейік. Менің сұрақтарыма дұрыс жауап айтқандарға – «оң +», ал қателескендерге «теріс-» белгілерін қойып отырамын. Кім бір «оң +», бір «теріс-» алса, бірін-бірі жойып отырады. Ал ең кемі үш «оң» белгі алса, «бестік», керісінше үш «теріс» белгісін алса, «екілік» баға алатын болады.
- Кәне, «оң» нәтиже көбейтуге құштарлана кірісейік.
- Ал, енді, мен сендерге мынадай кәртішкелерді таратамын, қазір сендер мұндағы сауалдарға жауап бере отырып жұмыс істейтін боласыңдар.

Сұрақтар: 1. Қай сөздерден біз Айсұлудың сұлу болғандығын көреміз? 2. Толағайдың әдемі бала болып туғандығын автор қай сөздер арқылы көрсеткен? 3. Толағайдың күшті, мықты болғандығын қай жерден

байқадыңдар? 4. Оның мерген болғанын қайдан білдіңдер? 5. Ақын жаңбырдың жаумай қойғанын қай сөздермен көрсетті? 6. Қай сөздер арқылы біз Толағайдың өз жері, елі үшін қатты қайғырғанын көреміз? 7. Тудың үлкен екендігін қайдан аңғардыңдар? 8. Жаңбырдың қатты жауғанын көрсетіңдер. 9. Қай жерде Толағай қатты шаршап, әлсізденгенін көрдік? 10. Толағай өлімінен кейін халықтың қатты қайғырғанын автор қалай жеткізді?

11. Анасының қайғыруын көрсетіңдер.
12. Эпитеттер.
13. Теңеулер.

V. Бекіту кезеңі.

Сабақ кесте толтыру арқылы бекітіледі.

Ертегінің аты, авторы	Басты кейіпкері	Ертегі мәселесі	Мәселенің шешілуі	Негізгі идеясы

VI. Сабақты қорытындылау кезеңі.

- Ә. Тәжібаевтің «Толағай» ертегісі қандай шығарма түріне жатады?
- Жазушы өз шығармасында қандай көркемдеуіш құралдарын қолданған екен?
- Ал, сендер өз туған жерлерің үшін қандай қызмет ететін боласыңдар?

VII. Үйге тапсырма беру кезеңі: Отан туралы 10 мақал-мәтел жаттау, туған жер туралы шағын шығарма жазу.

VIII. Бағалау кезеңі.

Сара КАМЗИНА,
А.В.Селезнев атындағы
хореография училищесінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Алматы қаласы.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ ФАРАБИ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылардың «Әбу Насыр әл Фараби туралы аңыз» тақырыбы бойынша тілдерін дамыту; 1) Тақырыпқа қатысты сөз орамдарын меңгеру; 2) Оқушылардың тіл байлығын дамыту, ой-өрісін кеңейту, танымдық қабілеттерін жетілдіру, ойларын ауызша жүйелеп жеткізуге дағдыландыру, сөздік қорын молайту; 3) Оқушылардың қазақ әдебиеті сабағына деген қызығушылығын арттыру. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, түсіндіру, әңгімелеу, жаттықтыру. **Көрнекті құралдар:** суреттер, тірек сызбалар.

Сабақ барысы:

І. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды сабаққа ұйымдастыру.

Үй жұмысын тексеру.

ІІ. Жаңа сабақ. Кіріспе сөз. Тірек сызба арқылы әңгімелеу.

Әл Фараби

- Ұлы ғалым.
- Шын аты Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархани Ұзлағ әл Фараби Түркі.

Түркі – шыққан тегі түркі дегенді білдіреді. Әл Фараби – Фараб қаласынан шыққаны. Әкесінің аты – Мұхаммед. Атасының аты – Тархан. Бабасының аты – Ұзлағ.

- IX ғасырда Отырар қаласында дүниеге келген.
- Білімді, өнерлі, еңбексүйгіш.
- 70-ке жуық тіл білген.
- Ғылыми еңбектері көп.
- «Музыканың үлкен кітабы», т.б.

Сөздікпен жұмыс. Оқу, түсіндіру, сөз тіркесі мен сөйлемдер құрастыру.

Әмір

Сарай

Елеусіз

Көңілді

Қайғылы

Мәтінмен жұмыс.

1. Тыңдау. (Мұғалімнің баяндауы.) Түсініксіз жерлерді түсіндіру.

2. Оқу (ішінен).

3. Сұрақ бойынша жауап беру.

4. Әңгімелеу.

«Әбу Насыр әл Фараби туралы аңыз»

...Бірде Әбу Насыр Бағдат қаласы әмірінің сарайына барыпты. Ол жерде ғалымдар, әкімдер, өнерпаздар көп жиналған екен. Әбу Насыр елеусіз бір шетке барып отыра қалады да, өзі жасаған домбырасымен бір күй тартады. Күйді естіген адамдар келіп, мәз-мейрам болады. Әбу Насыр басқа бір қайғылы күй тартса, әлгі адамдар қамығып, жылай бастайды. Осыдан кейін ол бір баяу күйді тартқанда сарайда отырғандар түгел ұйықтап қалыпты. Әбу Насыр «Бұл күйлерді тартқан әл-Фараби» деп қағазға жазыпты да, сарайдан шығып кетіпті. Әмір оны қанша іздесе де, таба алмапты.

Бекіту. 2 топқа бөлініп, 1-топ мәтін бойынша жоспар құрастырады. 2-топ сұрақтар құрастырады.

Оқушылардың жауабын тыңдап, қорытындылау.

Қорытындылау. 1. Бұл әңгіме қандай әдебиет түріне жатады? /ауыз әдебиетінің аңыз-әңгімелеріне жатады./

2. Неге аңыз-әңгіме дейміз? /Дәлелдеу/. Себебі авторы жоқ, ауыздан-ауызға тараған әңгіме. 3. Ауыз әдебиетіне нелер жатады? /мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, аңыз-әңгімелер/ 4. Ертегілер мен аңыз-әңгімелердің айырмашылығы қандай? /ертегілерде қиял-ғажайып оқиғалар көп, ал аңыз-әңгімелерде тарихта болған әйгілі адамдар немесе оқиға туралы баяндалады.

5. – Бұл аңыз-әңгіме кім туралы?

– Әл Фараби туралы.

– Ол қандай адам болған?

– Өнерлі адам болған.

– Қандай өнер арқылы өзін көрсете білді?

– Күй арқылы.

– Ал сендер өнерді не арқылы көрсете аласыңдар?

– Қимыл арқылы.

– Ал өнер туралы қандай мақал-мәтелдерді білеміз?

Мына мақал-мәтелдерді ойнай отырып, ойланамыз. / Құрастырып көру/ Содан кейін салыстыру.

Өнерсіз жігіт өрге озар, Өнерлі жігіт жер соғар.	Өнерлі жігіт өрге озар, Өнерсіз жігіт жер соғар.
Өнерлі өрге жүзбейді.	Өнерлі өрге жүзеді.
Өнерді үйренбе, жирен.	Өнерді үйрен де, жирен.
Өнерлінің өрісі қысқа.	Өнерлінің өрісі ұзақ.
Өнерлі бала сүйкімді емес.	Өнерлі бала сүйкімді.
Өнер білсең өлмейсің.	Өнер білсең өлмейсің.
Өнерлінің сөзі – алтын, Өлеңшінің қолы – алтын.	Өнерлінің қолы – алтын, Өлеңшінің сөзі – алтын.

Әл Фарабидің мақал болып кеткен сөздерін жазып алыңдар.

- Ғылым адамды жақсылыққа тәрбиелейді, адамға білім қасиетін береді.
- Ғылым – өнер.
- Өнерлі адам – азат, тәуелсіз адам.

Күләш ӘБДІРОВА,
«Стикс» бейіндік
бағыттағы мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Павлодар қаласы.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – КЕЛЕШЕК ҚОҒАМ МҰРАГЕРЛЕРІН ТӘРБИЕЛЕУ ІСІ

Балаларды жан-жақты қабілетті адамзат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор.

Өзге халықтар сияқты қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан бергі жиып-терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін-жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп, қаны мен жанына сіңіріп келеді.

Баланың жарық дүниеге келген күнінен бастап, оның есейіп кеткенге дейінгі өмірі мен іс-әрекеті, басқалармен қарым-қатынасы атаулының барлығы-салт-дәстүрлерден өзекті орын алып, баланың дүниетану көзқарасын қалыптастыратын тәрбие мектебі.Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы»,

өнегелі болып өсуін мақсат еткен ата-бабамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін әлденеше ғасырлар бойы өлең-жырмен, дастандармен насихаттаған.

Ұлт дегеніміз – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық, қауымдық бірлестігінің жоғарғы түрі. Ұлттық жан-күй үйлесім ерекшелігі адамдардың отбасылық қарым-қатынасынан, киім кию түрлерінен, тұрмыстық салт-дәстүрлерден, ұлттық тағам түрлерінен айқын байқалады. Ұлттық жан-күй үйлесімі үш бөліктен тұрады: ол – ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүр және ұлттық мінез. Ұлттық сезім дегеніміз – балалардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігін білдіруі. Баланың ана тіліне деген сүйіспеншілігі де ұлттық сезімнің ерекше бір түрі. Сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрлер де ұлттық сезімді оятуға себепші болады. Мысалы, домбыра тартып, өлең айтып, айтысып жатқан ақындардың өлең-жырларына селқос қарайтын қазақ болмайды. Себебі, домбырамен өлең айтып, жыр төгу – ұлттық дәстүр және мақтаныш. Сондықтан да өлең-жыр әуені, домбыра сазы – ұлттық сезімді оятатын тәрбие құралы.

Бала – өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі, ата-ананың тіреу – мақтанышы. Сондықтан бала тәрбиелеу, ең бірінші, отбасынан басталады. Әрбір отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы, ата-дәстүрі болады. Ата-ана өз баласын өнегелі сөзбен, жеке басының үлгісімен тәрбиелейді. Ойын баласында үлкендердің сөзіне, қылығына, іс-әрекетіне еліктеушілік басым. Бұл жөнінде қазақ мақал-мәтелдерінде былай деген: «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»,

«Баланың тентек болмағы үйінен», «Әкеге қарап – ұл өсер, шешеге қарап – қыз өсер». Сонымен бірге жалпы қазақ отбасында ортақ тәрбиелеу дәстүрлері де бар. Оларды атап өтсек мыналар: жасы кішілер үлкендердің атын атамай, ата,әже, аға, апа деп сыпайы қарым-қатынас жасауы, сондай-ақ жасы кішілер үлкендердің, әсіресе қариялардың алдын кесіп өтпеуі, отбасы мүшелерінің бірін-бірі ренжітпеуі, үлкеннің тілін кішінің алуы, елгезек, тілалғыш, қолғанат болу, ал отбасы мүшелері үлкендердің өзінен кішілерге қамқоршы, ақылшы болуы, еңбекті үй ішінде жұмыла істеп, әрқайсысының өз шама-шарқынша іс атқаруы. «Ұлдың ұяты әкеге, қыздың ұяты шешеге»,- деп қараған халқымыздың ұл баланы тәрбиелеуді аталар мен әкелер өз қолына алса, ал қыз баланы тәрбиелеу әжелер мен аналардың ісі болып саналған.

Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен аталардың рөлі ерекше. Әке – үйдің басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысаны. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой»,- дейтін. «Әке –бәйтерек, бала – жапырақ», «Жас- кәрінің көзі, кәрі-жастың тезі»,- осы пікірлер халықтың қуаттауынан шыққан. Қазақ ауылында әлі де бала тәрбиесіне бүкіл ауылдың үлкендері, әсіресе қарттары араласқан. Көпті көрген қариялар – отбасының, ауыл-аймақтың үлгі тұтар тұлғасы, тәлім-тәрбие мектебі сияқты.

Ал қыз баланың келешегіне ең керекті нәзіктік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, сыпайылық, мейірімділік сияқты мінездерді қалыптастыру – ананың борышы. Сонда бұл сипаттар келешекте жарасымды жар, аяулы ана, қоғамымыздың белсенді мүшесі болатын қыз баланың бойынан әрқашан нұр болып төгіледі. Егер әрбір отбасы қыз балаға ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз. Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дөрекі сөйлемеу, әшекейлі бұйымдардың жақсысын қыздарына арнау, еркелету – ежелгі дәстүр. Қыз баланың тәрбиесі анасына үлкен сын еді. «Қыз өссе, елдің көркі, гүл өссе, жердің көркі» дегендей, қызғалдақтай болып өсіп келе жатқан қыздарға әрқашан қамқорлық жасау, үйді таза ұстау, тігу, тоқу, шешесіне көмектесу, т.б. өнерлерді қыздарға үйрету – ананың міндеті.

Үлкен адам өз балаларына жамандық ойламайды, тек кейде олар ақыл түрінде жұмсақ айтса, кейде ашуланып қатты айтуы мүмкін. Жастар кішілік жасап, үлкеннің ондай ашуын көтеруге тиіс. Үлкенді сыйлау – біздің халқымыздың ежелгі дәстүрі. Ол дәстүр бойынша жастар үлкеннің алдын кесіп өтпеуге, сыпайы болуға, үлкенмен сөз жарыстырмауға тіпті үлкендердің алдында қатты күлмеуге тиіс. Осындай дәстүрлерімізді бүгінгі жастар жалғастыра білуі қажет.

Сонымен, жаңа адам тәрбиесі – кешенді тәрбие. Бұл кешенді тәрбиенің ең негізгі іргетасы – сөз жоқ –

ол отбасы, ата-ана. Ата-анасы өз баласына нәр береді. Ата-аналар өздері ата-бабамыздың салт-дәстүрлерін білсе, оны сыйлап, балаға үйретсе, бала да сол білгенін жалғастырады**.** Ал салт-дәстүрді түсініп-білу үшін тілді жақсы білу керек. Қазақ халқы шешендік сөзді жоғары бағалаған. «Өнер алды – қызыл тіл»,- деп ұққан ата-бабамыз ақындардың толғау, термелерін, әлденеше ғасырлар бойы жадында сақтап, оны ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы еткен. Асыл сөздің қоғамдағы тәрбиелік мәніне ертеден ерекше назар аударып, «ақылдың көзі – аталы сөз» деп ұққан ата-бабамыз сөйлей білуді үлкен өнер деп санаған. Жігін тауып сөйлей білудің, логикалық ойды жүйелеп айтып жеткізе білудің өзі шеберлікті, шешендікті, ойлылықты, ақыл-парасатты қажет етеді. Ол үшін үздіксіз жаттығу, үйде балалармен тек қана қазақша сөйлесу, ынта-жігер, талаптылық керек. «Сөзіңді айт ұққанға, айтып-айтпай не керек құлағына мақта тыққанға» деген мақал да осы ойды меңзейді. Сондықтан қатарынан қалмау, дарынсыз, талапсыз көрінбеу үшін әрбір жас қаршадайынан ана тілін жетік біліп, ән салып, домбыра тартып үйренген, сөз жұптап, өлең жаттап, өнерге, өлеңге талпынған дұрыс. Әрбір ата-ана баланы жастайынан ана тіліне, өнер-білімге баулыса, ол баланың бабасының салт-дәстүріне де көзқарасы дұрыс болады. Сонымен әр баланың тәрбиесі – отбасына, ұжымына, өмір сүрген ортасына, айналасына, жора-жолдастарына тікелей байланысты.

Біздің мектеп оқушылары – өнерлі балалар, сол өнерді өркендету, дамыту – біздің мақсатымыз.

Арай АРҒЫНҒАЗИНА,
«Үшқоңыр ауылындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталықпен» КММ би үйірмесінің жетекшісі, хореограф.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

БИ ПАДИШАСЫ – ШАРА ЖИЕНҚҰЛОВА

Бұл тақырыпты таңдаудағы негізгі мақсат – осыдан бір ғасыр бұрын өмір сүрген би падишасы – Шара Жиенқұлованың өмірі мен шығармашылығын қазіргі жастарға таныстырып, би өнерінің құдіретін паш ету.

Шараның есімі біздің құлағымызға Алатау мен Сарыарқадай, Атырау мен Алтайдай, Абай мен Махамбеттей, Жамбыл мен Кенендей, Мұхтар мен Қаныштай, Дина мен Күләштай аса ыстық естіледі.

Шара Жиенқұлова асқар Алатаудың бөктерінде, бау-бақшаға бөленген Алматы қаласында, 1912 жылы тамыз айының он тоғызына қараған түні дүниеге келіпті.

Әкесі – Баймолда Жиенқұлұлы Жетісу өңіріне қадірлі, беделді, діндар адам болған. Баймолданың үлкен әйелі Нұрбүбі қатарынан он төрт қыз табады. Сонда Баймолда қатты ренжіп: «Жасым болса келіп қалды, шаңыраққа ие болатын ұл балам жоқ», -деп бірінші әйелінің үстіне Шараның шешесін алады. Бірақ сүйіп алған жас әйелінен он бесінші қыз болып Шара дүниеге келіпті.

Ал, оның соңынан он алтыншы қыз – сіңлісі Хадиша шыр етіп жерге түскенде, әкесі мен шешесі екеуі тәңірден тілек тілеп, мойындарына қоржын салып Әулиеатаға сыйынуға кетеді. Сонан «Алла тағала» олардың мінәжатын қабыл көргендей анасы Айаш бірінен соң бірі, қатарынан үш ұл тауып береді.

Ата-анасы сауатты болсын деген болуы керек, жеті жасынан бастап медресеге оқуға береді. Онда күніне бес уақыт намаз оқып, ораза ұстау – міндетті парыз болатын. Үй-жай, қора-қопсысы Алматыда болатын. Сондықтан қыста Алматыда қыстап, ал көктем шыға малды айдап жайлауға көшетін. Жайлаулары – Іле Алатауынан асып түскен тұстағы қырғыздың жеріне барып түйісетін «Көкайрақ» аңғары. Үлкен өзеннің арғы жағын қырғыздар, бергі жағын қазақтар жайлайтын. Жайлау төріне жиналған жастар аламан бәйге, көкпар, сайыс, қыз қуу, жорға жарыс сияқты ұлт ойындарымен қоса ақындар мен әншілер, домбырашылар мен қобызшылар, жыршылар мен ертекшілер екі жаққа бөлініп алып айтысатын. Жайлауда қыз ұзату, келін түсіру тәрізді той-томалақтар да жиі болып тұрған. Халқымыздың ата-бабадан келе жатқан мұндай әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ешқашан ұмыта алмайды, сондағы жиындар Шараның өмірінің соңына дейін көз алдында болды.

Өнер – махаббат! Махаббат – өнер... Қазақтың тұңғыш кәсіби биші қызы – Шара Жиенқұлова бар өмірінде осы екі қасиетті бойтұмардай қастерлей білді. Би құдіреті оған бала жастан дарығаң, сондықтан әкесі Баймолда сүйікті қызының бойынан алғырлықпен қатар өнер ұшқынын байқап, қытай бишісін жалдап, балапанына би өнерінің алғашқы нышандарын үйретеді.

Шара небәрі он алты жасында атақты биші атанды. Сол жылы өзінің болашақ жары, дара махаббаты – Құрманбек Жандарбековпен танысып, көңіл қосады.

1934 жылы Қазақтың музыкалық театры құрылды, бұл – болашақ опера және балет театрының түпқазығы еді. Музыкалық қабілеті күшті актерлер жаңа театр құрамына енеді, ішінде Шара мен Құрманбек те бар. 1936-1937 жылдары Мәскеу мен Ленинград гастрольдерінде театрдың биік белеске көтерілгендігі тарихтан белгілі. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі алғашқы онкүндігінде зор табыстары үшін бір топ қайраткерлерге үкіметтің ең биік наградалары табыс етілді, Шара **«Құрмет белгісі»** орденін тағып қайтады.

Шара жеке би театрын құруды ойға алады: әр биге мінездеме бере отырып, ондай билер бас-аяғы тұтас шағын миниатюралық шығарма келбетіне де ие болуға тиіс деп түйеді. Оның орындауындағы қазақтың күлдіргі әндеріне құрылған «Молдабай», «Жариям-айдай», «Бүркітші», «Сауыншы жеңгей», «Шахтер», тағы басқалар тендессіз қайталанбас дүниелер-тұғын. Әлем халықтарынан: үндінің, өзбектің, испанның, сығанның, әзербайжанның, грузиннің, жапонның, корейдің, моңғолдың ән-билерін орындайды. Әр ұлттың тілін ғана үйренбей, сахналық киім кию мәнерін, жүрісін, дауыс ырғағын да келістіре салады. Сөйте тұра, ойнақы, нақты бір халыққа тән мінез-штрихпен әр нөмірді айшықтай білген еді Шара.

Қазақ өнерінде қазақ биі мықтап қалыптасты десек, соның көшбасшысы, бастау көзі – Шара (Гүлшара)

Жиенқұлова. Би тәңірісі – Шара халқының мәңгі есінде. Шара мектебі, ол ойнаған рөлдер, ұзақ жылдар сол кезде залда отырған көрерменнің ғана емес, халқымыздың жаңа тарихына, әрлеу мен кемелдену тарихында өшпес із қалдырып отырды. Қазақтың тұңғыш драма театры шымылдығын ашқанда Еңлік пен Қаракөздей аяулы қыздарымыздың рөлін Қазақ педагогика институтының студенті Шара Жиенқұлова ойнады. Қазақтың опера және балет театры құрылғанда, алғашқы күннен бастап, оның барлық спектакльдеріндегі би партияларын Шара Жиенқұлова орындады. Қазақтың ұлттық кино өнерінің төл басы болған «Аманкелді» фильмінде Бану рөлін Шара Жиенқұлова алып шықты. Қазақтың ұлттық эстрада өнерін қалыптастыруда дүние жүзі халықтарының билерін орындаудың үздік шебері Шара Жиенқұлованың сіңірген еңбегі аса зор. Көп ұлтты мемлекетіміздің ғана емес, әлемнің көптеген елдерінің айтулы сахналарына жарқ-жұрқ етіп ол шыға келгенде сұлулық құдіретіне, өнер құдіретіне, адам жанының ең бір тұңғиық сырларын қимыл мен халық арқылы қапысыз жеткізе алатын шеберлік құдіретіне бас имеген жан кем де кем шығар. Әсіресе, қазақтың ұлттық би өнерін қалыптастыру мен насихаттауда оның сіңірген еңбегін айтып жеткізу қиын. Шара Жиенқұлованың аса сирек дарыны мен тынымсыз ізденісінің арқасында ұлттық биіміз қайта түлеп қана қоймай, шынайы кәсіпкерлік деңгейге дейін көтерілді. Оның зерттеушілік және орындаушылық еңбегінің арқасында жетпістен астам халық биі өмірге қайта оралды.

Шара бастаған істі түпкілікті нәтижеге жеткізбей тынбайтын. Ол бишілікті ғана қанағат етіп қоймай,

би туралы білімді дамытуға, ол өнердің теориясы мен тарихын жасауға, би сахнасының шеберлерін даярлауға өлшеусіз зор үлес қосты. Оның қаламынан шыққан «Қазақ биі», «Сымбат», «Өмірім менің- өнерім», «Би құпиясы» кітаптары тек мамандардың ғана емес, қалың оқырман қауымның қалтқысыз ықыласына ие болды. Тәжірибелі педагог, талапшыл ұстаз, мейірбан тәлімгер Шара ұзақ жылдар Қазақ ССР ән-би ансамблінің көркемдік жетекшісі, Алматы хореография училищесінің басшысы болып бишілердің әлденеше талантты буындарын тәрбиелеп өсірді. Ол «Қыз Жібек» операсындағы билерді қойғаны үшін Республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Бұның бәрі – бір кісіге ғана емес, бірнеше өнер шеберіне өмірлік мерей бола алатындай қыруар еңбек. Сондықтан да оның жемісті шығармашылық қызметі аса зор бағаланды. Ленин орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен және медальдармен наградталды.

Ең бастысы – өз халқының, талғампаз көрерменнің шексіз махаббатына ие болды. Ол махаббат халқымыздың азамат қызы, ұлттық сахна өнерінің негізін қалаушыларының бірі, би өнерінің теңдесі жоқ шебері Шара Жиенқұлованың есімі мен ісін әрбір жас ұрпақтың жүрегіне жаңа арман қып маздата береді. Шара есімі өшпесін, ғасырдан ғасырға мәрмәр өнері жалғаса берсін! Шара апамыздай шәкірттеріміз, талантты бишілеріміз көп болсын.

Рысты БАЙНАЗАРОВА,
Алматы қаласындағы
№5 мектеп-гимназияның
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

АСТАНА – БАС ҚАЛА

Сабақтың мақсаты: оқушылардың өткен тақырыптар бойынша алған білімдерін тереңдету. **Міндеттері: білімділік** – олардың ауызша байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру, тақырыпты өмірмен, тарихи деректермен байланыстырып, елтанудан мағлұмат беру, дұрыс тұжырым жасай білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, қисынды ойлау, салыстыру қабілеттерін дамыту, оларды ізденімпаз-дыққа, ой еркіндігіне баулу; **тәрбиелік** – оқушылардың Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезімдерін қалыптастыру, азаматтық тәрбие беру, халықтың тарихына, салт-дәстүріне деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.

Түрі: аралас. **Әдіс-тәсілдері:** жеке және топпен жұмыс, іздендіру, салыстыру, жинақтау, сұрақ-жауап, ойындар. **Көрнекілігі:** суреттер, интерактивті тақта, слайд, магнитофон. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих, музыка.

Сабақтың барысы.

І. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу.

II. Ой қозғау. Қызығушылығын ояту.

1. Отан туралы, Қазақстан туралы өлеңдерден үзінділер:

Қазақстан дейтін менің бар елім,
Алып жатыр жарты дүние әлемін. (Қ.Аманжолов)
Айналайын, Атамекен! Ақ мекен!
Қандай қазақ сені іздеп тапты екен?! (М.Мақатаев)
Отан! Отан! Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем! (М.Мақатаев)

2. «Өз елім». Тәуелсіз Қазақстан тарихынан мына жылдарды сөйлетейік:

1990 ж. 25 қазанда. Қазақстан Республикасы егемендігі туралы Декларация қабылдады.

1991 ж. 1 желтоқсан. Қазақстанның тұңғыш Президенті сайланды. Ол Н.Ә.Назарбаев болды.

1991 ж. 16 желтоқсан. ҚР өзін тәуелсіз мемлекет деп жариялады.

1992 ж. ҚР дүниежүзілік БҰҰ мүше болып кірді.

1992 ж. 4 маусым. ҚР-ның мемлекеттік рәміздері қабылданды.

1993 ж. 15 қараша. ҚР-ның ұлттық ақшасы – теңге енгізілді.

1995 ж. 30 тамыз. ҚР-ның жаңа Конституциясы қабылданды.

1995 ж. 12 желтоқсан. ҚР-ның марапаттары туралы заң қабылданды.

1997 ж. 11 шілде. Тіл туралы заң қабылданды.

1997 ж. ҚР-ның астанасы Ақмола қаласына көшірілді.

1998 ж. Ақмола қаласы Астана болып өзгертілді.

2006 ж. 6 қаңтар. ҚР-ның жаңа әнұраны қабылданды.

2010 ж. ҚР-сы ЕҚЫҰ төрағасы болып тағайындалды.

2010 ж. ҚР-ның тарихында тұңғыш Халықаралық Университет ашылды.

2011 ж. Қазақстанда VII қысқы Азия ойындары өтті.

III. Үй тапсырмасын тексеру (топпен жұмыс)

1. Қазақстанның марапаттары.

2. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері (Венн диаграммасы бойынша салыстыру)

а) ордендер мен медальдар;

ә) бастауыш пен баяндауыш.

3. «Мені түсін» ойыны. Сөз жасыру.

а) Шаңырақ; ә) Бәйтерек.

4. «Бес жол» - Бәйтерек.

«Куб» тапсырмалары – Шаңырақ.

IV. Жаңа сабақ.

Астана – бас қала.
Бұл киелі Елорда.
Ерке Есілдің жағасында.
Ертегідей сән қала.
Жаңа ғасыр ғажабынан жаралған.
Ең жас қала – Астана!

Астанаға саяхат (интерактивті тақта, слайд)

V. Ой толғау. Ізденіс сәті.

1. Тыңдалым. Қысқы Азия ойындары (магнитофон)

2011 жылы біздің елімізде VII қысқы Азия ойындары өтті. Бұл Олимпиада төрт жылда бір рет болып тұрады. Оған негізінен Азия елдерінің спортшылары қатысады.

Бұрын қысқы жарыстар 3 рет Жапонияда, 2 рет Қытайда және Оңтүстік Кореяда өткен. 2007 жылы Қытайда өткізілді.

Қысқы Азия ойындары Қазақстанда 30-қаңтардан 6-ақпанға дейін өтті. Олар Алматы және Астана

қалаларында болды. Еліміз бұл Олимпиадаға қызу дайындалды. Қазақстан Республикасы дүниежүзіне танымал ел болғанын мақтан етеміз.

I топ – «Шеңбер бойымен әңгімелеу».

II топ – Мәтін бойынша бір сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

Туған елімізде Азияда алауының жағылуы – бәрімізге ерекше мақтаныш.

2. Ойын.

I топ – «Домино». Фразеологизмдер, мақал-мәтелдер.

II топ – Пазл әдісі. ЕҚЫҰ туралы екі сөйлем құрастыру.

1-2-желтоқсанда Астана қаласында елуден астам мемлекеттердің Елбасыларының қатысуымен ЕҚЫҰ-нің саммиті өтті.

Қазақстан Республикасы бұл төрағалықты абыроймен атқарып келе жатқанын бүкіл әлем мойындап отыр.

VI. Ой қорыту. Рефлексия.

1) I топ – Эссе. II топ – Досыма хат.

2) Көңіл-күйлерін, сабақтан алған әсерлерін бейнелеп көрсету.

Егемен елім бар – Қазақстан,
Кең-байтақ жерім бар – Қазақстан,
Қажырлы халқым бар – Қазақстан,
Сабырлы салтым бар – Қазақстан,
Арманы арайлы – Қазақстан,
Биіктен қарайды – Қазақстан,
Бар әлем таныған – Қазақстан,
Жүрегі жанымның – Қазақстан.

3) Қорытынды. Бағалау.

Сәуле БАЛЖАНОВА,
Ақмола облысының
Есіл қаласындағы
№2 орта мектептің
қазақ тілі
пәнінің мұғалімі.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР

Сабақтың мақсаты: *білімділік* – өтілген модуль материалдарын қайталау арқылы оқушылардың меңгерген білімдерін жүйелеу; *дамытушылық* – әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін, тілін дамыту, шығармашылыққа баулу, танымдық қабілеттерін арттыру; *тәрбиелік* – қазақ халқының салт-дәстүрін, өнерін, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу (слайд). **Түрі:** сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, сызбалар, суреттер, музыкалық композициялар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру (сөзжұмбақ арқылы).



1. Қазақтың палуаны.
2. Жалғау түрі.
3. Қазақстан қаласы.
4. Абайдың әжесі.
5. Оқушы құралы.
6. Көкөніс.
7. Қазақтың атақты биі.
8. Түйе сүтінен дайындалған сусын.

Алдыңғы сабақтарда біз сендермен мәдениетке, өнерге байланысты тақырыптарды өттік, бүгін біз «Мәдениет және өнер» деген пысықтау сабағын өткіземіз.

Мәдениет – өркениеттің басты көрсеткіші. Адам болмысының өте күрделі факторы.

Күнделікті ауызекі тілде **«мәдениет»** бәрімізге өте таныс сөз: біз сарайлар мен мәдени саябақтар, қызмет көрсету мәдениеті және тұрмыс мәдениеті, мұражай, театр, кітапхана туралы айтамыз (слайд).

Сонымен **мәдениет** – әлеуметтік-гуманитарлық танымның мәдениеттанушылар зерттейтін ең бір басты ғылыми түсінігі болып табылады. **Мәдениетке не жатады?**

Кластер арқылы жауап береміз.



Ал, енді, біз бүгін кейбіреулеріне тоқталайық.

1. Әдебиет немесе қазақ әдебиеті деген не?

Қазақ әдебиеті – қазақ халқының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан-ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы.

Әдебиет адамға сөз қуаты, көркем бейне арқылы әсер етеді.

Жазушы өткен тарихты, ондағы адамдардың жан-күйін, сезімін, қайғы-мұңын тебірене жазып, біздерді толқытып, әсерге бөлеп, ойға шомдырады (слайд).

Мынау – қазақтың белгілі ақын-жазушыларының суреттері. Өздеріңе таныс ақын-жазушылардың аты-

жөндерін әр суреттің астына жазасыңдар, содан кейін сол жазғандарыңды өшіргішпен өшіріп, тексересіңдер, дұрыс таптыңдар ма, жоқ па қысқаша әңгімелеп кетесіңдер.

Сурет галереясы: Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Мұқағали Мақатаев, Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Олжас Сүлейменов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин.

1. Абай Құнанбайұлы – ұлы ақын, аудармашы, сазгер, ойшыл. Оның еңбектері: *«Ескендір», «Күз», «Масғұт», «Көзімнің қарасы», «Татьянаға хат», т.б.*

2. Ыбырай Алтынсарин – ақын, жазушы, ауыз әдебиетін зерттеуші, педагог. Оның еңбектері: *«Қазақ хрестоматиясы», «Кел, балалар, оқылық!». «Өнер білім – бар жұрттар», «Асан мен Үсен», «Бай баласы мен жарлы баласы»,* т.б. Ол қазақ балалары үшін мектеп ашты.

3. Ахмет Байтұрсынұлы – көрнекті ғалым, түрколог, әдебиет зерттеушісі, публицист, қоғам қайраткері. Оның еңбектері: *«Қырық мысал», «Маса», «Тіл құрал»,* т.б. Ол тұңғыш қазақ әліпбиін жасаған.

4. Шоқан Уәлиханов – тұңғыш ғалым, тарихшы, этнограф, суретші, географ. Оның еңбектері: *«Қырғыздар туралы жазбалар», «Манас», «Семей», «Тәңірі»,* т.б.

5. Мұқағали Мақатаев – қазақтың әйгілі ақыны. Оның еңбектері*: «Армысыңдар, достар», «Мавр», «Шуағым менің»,* т.б.

6. Олжас Сүлейменов – орыс тілінде жазатын қазақ ақыны. Оның еңбектері: *«Нұрлы түндер», «Шапағатты шақ», «АЗиЯ»,* т.б. «Невада-Семей» қозғалысының жетекшісі.

7. Мұхтар Әуезов – қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері. Оның еңбектері: *«Дауыл», «Еңлік-Кебек» пьесасы, «Абай жолы» роман-эпопеясы.*

8. Сәкен Сейфуллин – қазақтың атақты ақыны, жазушы. Оның еңбектері: *«Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар»,* т.б.

Мәдениет деген ұғымға тағы не жатады? (өнер).

Өнер деген не?

Өнер дегеніміз – мәдениеттің жаны, оның өзіндік танымының түрі.

Өнерге не жатады?

(кластер арқылы жұмыс)

Енді біз әрбіреуіне тоқталып кетейік.

Интерактивтік тақтамен жұмыс.

Келесі тапсырма: Мына жасыл түстің артында тақырыпқа байланысты әр түрлі суреттер бейнеленген,

мен қазір әр суретке санын жазамын, ал сендер сол санның ішінен бір санды таңдап, оны өшіріп, астында бейнеленген сурет туралы қысқаша айтасыңдар.

1. Досмағамбетовтың жұмысы – Шоқан Уәлихановқа арналған ескерткіші.

2. «Алтын Адам» - Алматы облысындағы Есік деген жерде табылған.

3. Қазақтың ұлы үш биі. Атақты шешендер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Тәуке ханның кеңесшілері.

4. Роза Рымбаева. «Наурыз думан», «Әлия», т.б.

5. Шәмші Қалдаяқов. «Еркем-ай», «Қайықта», «Кел, билейік», «Менің Қазақстаным», «Отырар тойы».

6. Жетіген – көне музыкалық аспап.

7. Дина Нұрпейісова.

8. Домбыра – бұл көне музыка аспабының бірі.

9. Әбілхан Қастеевтің «Түрксіб» деп аталатын жұмысы.

10. Әбілхан Қастеев – суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Орыс суретшісі Хлудовтың шәкірті. Оның еңбектері: *«Бай мен кедей құдық басында», «Түрксіб», «Амангелді сарбаздары».*

Өнерге тағы не жатады? (Қолөнер).

Қолөнер деген не?

Қолмен түрлі бұйымдар жасайтын өнер түрі қалай аталады?

Қолөнермен кімдер айналысады? (слайд).

Қолөнердің қандай түрлерін білесіңдер?

Жүн, киіз басу, кілем, өрмек тоқу, зергерлік өнер, ұлттық киімдер жатады (слайд).

Ендігі сала – рухани сала. Оған не жатады?

Тіл, дін және тұрмыс-салт жырлары жатады.

Тұрмыс-салт жырлары адамның үш кезеңін қамтиды.

Яғни, нәрестенің туылуын, ер жетіп үйленуін, қартайып дүниеден өтуін.

Тұрмыс-салт жырлары екі топқа- төрт түлік шаруашылығына байланысты және әдет-ғұрыпқа байланысты бөлінеді (слайд бойынша жұмыс).

Тұрмыс-салт жырлары



(Слайд «Бесікке салу»).

Бұл қандай дәстүрге жатады?

«Бесікке салу» дәстүрі қандай дәстүр?

Бесікке салу.

Халқымызда бесік-қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Бұл – халқымыздың елеулі үлкен дәстүрі. Бесікке салу жолы жасы үлкен немесе елдің құрметті, өнегелі адамына жүктеледі. Мерекелік дастарқан жайылып, бесікке салған адамға кәде беріледі.

- Мен қазір сендерге бірнеше бейнекөріністер қатарын ұсынамын, ал сендер қадағалап отырып, содан кейін осы бейнекөріністер – өнердің қандай саласына жататынын анықтап, дәптерлеріңе белгілеп отырыңдар, соңында кластер бойынша жұмыс істейміз (интерактивті тақтамен жұмыс).

- Сонымен, өнердің қандай түрлерін байқадыңдар?

1. Кино өнері.

2. Театр: драмалық; қуыршақ; музыкалық; опера және балет театры.

Енді, тақтаға шығып, осы екі саланы бізге көрсетіп шығыңдар.

- Кино деген не?

Кино – әдебиет пен театрдың, бейнелеу өнері мен музыканың көркемдік қасиеттерін, қазіргі аудиовизуалдық мәдениеттің жетістіктерін пайдаланатын синтезді өнер.

- Кино өнері негізінен неше салаға бөлінеді?

1. Көркем; 2. Ғылыми-көпшілік; 3. Деректі; 4. Мультипликациялық.

- Кино өнерінің қандай әртістерін білесіңдер?

- Досқан Жолжақсынов, Тұңғышбай Жаманқұлов, Әмина Өмірзақова, Шәкен Айманов.

- Қандай фильмдерді білесіңдер?

- «Ағайындар», «Астана», «Келін», «Көшпенділер», «Батырбаян», «Мұстафа Шоқайдың өмірі туралы

фильмі», «Қыз Жібек», «Менің атым Қожа», «Тақиялы періште», т.б.

- Театр деген не?

- Театр – өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің алдында актерлер күшімен бейнелейтін көркемөнердің бір түрі.

- Қазақ театры алғаш өзінің шымылдығын қашан ашты?

- 1926 жылы 13 қаңтарда Қызылордада М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» трагедиясымен ашты.)

- Теарды кім басқарды?

(Дарынды режиссер және әртіс Жұмат Шанин).

- Осы кино және театр салаларында ойнайтын белгілі әртіс, біздің жерлесіміз де бар. Сендер оны білесіңдер ме?

- Ол кім?

- Ирина Лебсак (слайд Ирина Лебсак). Ирина Лебсак – Есіл қаласындағы №145 мектептің түлегі. Ол сол мектептің директоры болған Лебсак Виктор Яковлевичтің немересі. Ол Алматыдағы Лермонтов атындағы театрда жұмыс істейді. Ирина Лебсак – ҚР-ның Мемлекет сыйлығының лауреаты,еңбек сіңірген қайраткері.

Енді, сол театр тақырыбын жалғастыра отырып, біз мәтінмен әрі қарай жұмыс істейміз. Алдымен, біз жаңа сөздермен танысып шығайық (слайд).

III. Жаңа сөздермен жұмыс.

IV. Мәтінмен жұмыс (оқып, аудару, сұрақтар қою).

V. Грамматикалық жұмыс (мәтіннен 2-3 сөзді алып, мақсат және қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құрастыру).

- Құрмалас сөйлем деген не?

- Екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлем құрмалас сөйлем деп аталады.

Мысалы: *Бартольд – ірі ғалым, ол шығыс халықтарының мәдениеті мен тарихын зерттеген.*

- Құрмалас сөйлем құрамына қарай неше топқа бөлінеді? Сабақтас құрмалас сөйлем деген не?

- Құрамындағы жай сөйлемдерінің алғашқысы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі сабақтас құрмалас сөйлем деп аталады.

- Сабақтас құрмалас сөйлем неден тұрады?

1. Басыңқы сөйлемнен және бағыныңқы сөйлемнен.

- Сабақтас құрмалас сөйлем неше түрге бөлінеді?

- Алты.

- Қандай?

1. Шартты бағыныңқы. 2. Мезгіл бағыныңқы. 3. Қарсылықты бағыныңқы. 4. Себеп бағыныңқы. 5. Мақсат бағыныңқы. 6. Қимыл-сын бағыныңқы.

- Мақсат бағыныңқы қандай сұрақтарға жауап береді?

Не мақсатпен? неге? не үшін? не етпек болып?

- Қимыл-сын бағыныңқы қандай сұрақтарға жауап береді? Қайтіп? не етіп? қалай?

VI. Қорытындылау.

VII. Үйге тапсырма: қазақ халқының мәдениеті туралы қысқаша ЭССЕ жазу.

«Қазақстан» әнімен аяқтау.

VIII. Бағалау.

Әлия АБДИЕВА,
Алматы қаласындағы
№96 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ

Сабақтың мақсаты: өлең, жұмбақ, сөзжұмбақтар, жаттығулар орындай отырып оқушылардың сөздік қорын байыту, білімдерін тереңдету. **Міндеттері: білімділік –** сын есімдердің жұрнақтар арқылы жасалу жолдарын есте сақтап, дұрыс пайдалануға үйрету; **дамытушылық –** мәнерлеп оқу, сауатты жазу, тез ойлау, өз қатесін дер кезінде түзей алуға дағдыландыру; **тәрбиелік –** достық көмек, бірге отырып ортақ мақсатқа жетуге тәрбиелеу, әсемдікті бағалауға талпындыру. **Түрі:** аралас. **Көрнекілігі:** «Қыс», «Сырғанақта», «Жаңа жыл» суреттері, сөзжұмбақтар, қима қағаздар.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме!
- Сыныпта кім кезекші?
- Сыныпта кім жоқ?
- Бүгін аптаның қай күні?
- Жылдың қай мезгілі?

II. Үй тапсырмасын тексеру**.**

III. Сабақтың мақсатын, барысын айту.

- Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Қыс қызығы».
- Сабақтың тақырыбын қалай аударамыз? – «Зимние забавы»

Бүгін сабақта:

Білу керек:	Істеу керек:
1. Сөздер.	1. Оқу, аудару.
2. Тақпақ.	2. Сөйлем құрастыру.
3. Сын есім жұрнақтарын.	3. Сөзжұмбақ шешу.

- Біздің сабағымыз саяхат түрінде өтеді. Алдарында бірнеше аялдама болады. Оларды өту үшін қызықты жаттығулар жасау керек. Әр аялдамадан сендер өздеріңе «қар» ұпай жинайсыңдар, сол жинаған «қарларың» – ұпайларың сендерге сабақтың аяғында бағаға айналады.

«3» - 2 қар, «4» - 3 қар, «5» - 4-5 қар.

IV. Сөздік жұмысы. Сабақта қолданылатын тірек сөздерді сөздік дәптерлеріңе жазып алып, сөз тіркестер мен сөйлем құрастырып жіберейік.

Аяз	мороз
Қар	снег
Боран соғады	метет метель
Суытады	похолодает
Шырша	ель
Жаңа жыл	Новый год
Сыйлықтар	подарки

V. «Қыс қызығы» тақырыбы бойынша жұмыс.

Жұптық жұмыс:

1-аялдама.

- Алдарыңдағы қағаздарға қыс, жаңа жыл, киім, сырғанау дегенде ойларыңа не келеді, соны жазыңдар.

/ 1 минут беріледі/ Екеуара жұмыс істейсіңдер.

- Енді, осы ассоцияцияларыңды оқыңдар. Жұп-жұбымен оқиды.

2-аялдама. 2-аялдама қалай аталатынын білу үшін, сендерге мәтін жасырылады,сендер бұл қай ай туралы екенін табасыңдар.

Желтоқсан айы туралы Алена Стадникова оқиды:

- Жер бетін ақ қар басады.Қыстың басы. Бұл айда қар жауады. Балалар қар лақтырып ойнайды. Бұл мезгілде күн суиды. Батыстан суық жел соғады. Күн қысқарып, түн ұзарады.

Қаңтар айы туралы Аманжан Ернар оқиды:

- Жыл басы,қыстың дәл ортасы. Бұл айдың 1-і күні еуропаша Жаңа жыл болып есептеледі. Балалар және әр үй, әр отбасы Жаңа жыл мерекесін тойлайды. Үйде шырша орнатылып, арнайы дастарқан жайылады.

Ақпан айы туралы Шурашова Лиза оқиды:

- Қаһарлы қыстың соңғы айы. Қызыл шұнақ аяз жалақтап, дүлей боран ұлиды. Ең ызғарлы кез, аяз қатты, бұл кезде сырғанақ, шана, коньки, шаңғы тебу қызықты.

- Сонымен бұл айлар қай айлар?

- Балалар, дұрыс таптыңдар. Біз бұл айларды «қыс айлары» дейміз.

- Балалар, **2-аялдама** «Қыс айлары» деп аталады. Сендер «Қыс туралы» қандай өлеңдер білесіңдер? Осы өлеңдеріңе байланысты салған суреттеріңді бізге көрсете отырып, өлеңдеріңді мәнерлеп оқып берсеңдер.

Оқушылар білетін тақпақтарын мәнерлеп жатқа айтып, ұпай жинайды.

Абай Құнанбайұлы. «Қыс». Оқитын – Есетов Бектемір.

«Жаңа жыл» А.Тоқмағанбетов. Оқитын – Стадникова Алена.

«Аққала». Б.Жақыпов. Оқитын – Жақсылық Меруерт және Исағожаева Амина.

«Сырғанақ». Х.Талғаров. Оқитын – Вакасова Дильназ.

3-аялдама. «Сөз тіркестері». Бұл аялдаманы өту үшін сендер «Өз жұбыңды тап» ойынын ойнайсыңдар.

Мұғалім әр балаға кеспе береді. Кеспеде қысқа байланысты бір сөз ғана жазылған. Мұғалім рұқсат бергенде,оқушылар өз жұбын іздейді. Өз жұбын бірінші дұрыс тапқан балалар жеңімпаз болып шығады. Олардың кеспелеріндегі сөздерден сөз тіркесі шығуы керек. Жаңа/жыл; Қалың /қар; Боран/соғады; Қатты/ аяз; Күн/қысқа; Түн/ұзақ.

- Енді, осы сөз тіркестеріңнен сын есімді тауып, тақтаға, дәптерлеріңе жазып қойыңдар.

- Сын есім деген не?

- Ол қандай сұрақтарға жауап береді?

- Дұрыс.

- Келесі аялдамамыз: **4-аялдама. «Сергіту сәті».**

1. «Қарындаштарды жинау». Бірнеше партаға қарындаштарды қойып, оларды лақтырып**,** ұстап алу. 1-п.-2 қ., 2-п. -3 қ., 3-п.-4 қ.

2. «Печенье». Ортаға орындыққа бір оқушы отырып маңдайындағы печеньені қолын пайдаланбай ауызына түсіріп, жеп қоюы тиіс.

5-аялдама. «Адасқан сөздер».

- Балалар, сендер «адасқан сөздердің» орынын дұрыс тауып, сөйлемді дұрыс жазып шығуларың керек.

1. Жылда бір бар мезгіл төрт.
2. Басталады қыс айынан желтоқсан.
3. Мезгілде бұл жауады қар.
4. Киеді жылы адамдар киім.
5. Жаңа қарсы жылды аламыз.
6. Заттың сын білдіретін есім түр-түсін, сөздерді сапасын, дәмін дейміз.
7. Сұрақтарына қай? есім береді қандай? сын жауап.

6-аялдама. Музыкалық үзіліс. Жаңа жыл туралы әзіл клип тамашалау /бірге қосыла билесе де болады/

VI. Сабақты қорытындылау:

- Осымен саяхатымыз аяқталды.

- Балалар, біз бүгін қай жыл мезгіліне саяхат жасадық?

- Қыс мезгілі сендерге ұнайды ма?

- Қыс айы несімен қызық?

- Біз сабақта не істедік?

VII. Бағалау.

- Қазір алдарыңдағы «қарларыңды» жинап, баға қорытайық.

VIII. Рефлексия.

- Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

Сауле ЕҢСЕБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№96 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЕКІ ДОС

Сабақтың мақсаты: «Менің досым» тақырыбы бойынша алған білімдерін тереңдету. **Міндеттері: білімділік –**түсінгенін еркін, жүйелі түрде әңгімелей білуге дағдыландыру; **дамытушылық –** оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілетін дамыту. Сөздік қорын молайту; **тәрбиелік –** достықты қадірлей білуге, досына адал болуға тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, салыстыру, қайталау, ойын элементтерін

қолдану, мәнерлеп оқу. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, бейнероликтер, үлестірмелі кәртішкелер,постер.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру:

Міндеттері: - Оқушыларды қарым-қатынасқа психологиялық дайындау. - Оқушылардың көңілін сабаққа аудару.

Мұғалімнің сыныпты 2 топқа бөліп, топ атымен және басшысымен таныстыруы.

1. «Дос» тобы. 2.«Жолдас» тобы.

Кезекшілердің әңгімесі.

- Сәлем.

- Сәлем.

- Қалын қалай?

- Қазір қай сабақ?

- Қазақ тілі сабағы.

- Бүгін сыныпта кім жоқ?

- Сыныпта барлығы бар.

- Ауа райы қандай?

- Күн ашық, жылы.

- Бізге қонаққа кімдер келді?

- Қонаққа мұғалімдер келді.

- Бүгін қыркүйектің нешесі?

- Жиырма бесі.

- Саған сәттілік тілеймін.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

3. Жаңа сабақ оқып білу кезеңі.

Сабақтың мақсатын айту.

1) Мәтінмен жұмыс: ұжымдық жұмыс.

а*) Мәтінді оқу (мұғалім)*

ә) Жаңа сөздермен жұмыс (жаңа сөздерді мұғалімнен кейін қайталау, жеке-жеке оқу, қазақ тіліне тән дыбыстарды табу, сипаттама беру, буындарға бөлу,

қандай буын екенін анықтау, сөз тіркесін, сөйлемдер құрастыру.

б) Мәтінді оқушылардың оқуы.

4. Жаңа материалды меңгеру дәрежесін тексеру кезеңі**.**

в) Мәтінге сұрақтар дайындау *(екі топ бір-біріне сұрақтар қойып жауап береді)*.

г) Түсінгендерін әңгімелеу *(екі топтан бір-бір оқушы шығып, түсінгендерін әңгімелейді)*.

5. Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі.

Тапсырма:

Мақал-мәтелді толықтыр.

Жақсымен жолдас болсаң,

Жетерсін мұратқа.

Жаманмен жолдас болсаң,...

Дәмді болса – достық қымбат,....

Дос жылатып айтады,....

Күлме досыңа – ...

Сергіту сәті**.** (2минут) «Көңілді күн» әніне билеу, бейнебаяндағы қимылды қайталау.

Тапсырма: Топтық жұмыс.

Жақсы досқа және жаман досқа тән қасиеттерді тауып, постерге жазып, жариялайды, бірін-бірі тексереді.

- Бұзық, арсыз, кекшіл, сұлулық, түсіністік, өтірікші, тәртіпсіз.
- Өзара сыйластық.
- Әдепсіз.
- Шыншылдық.
- Сүйіспеншілік.
- Мейірімділік.
- Кешірімділік, т.б.

6. Жаңа сабақты қорытындылау кезеңі.

Келесі тапсырма: жеке жұмыс.

Сұрақтарға жауап беріп, дәптерлеріне жазады. Әрқайсысы өз әңгімелерін оқиды, қателерін түзетеді.

1. Сенің досың бар ма?
2. Оның аты кім?
3. Досың неше жаста?
4. Нешінші сыныпта оқиды?
5. Ол қалай оқиды?
6. Мінезі қандай?
7. Ол немен шұғылданады?
8. Ол қандай дос?

7. Үй тапсырмасы. «Адал дос» тақырыбына әңгіме жаз.

8. Сабақты бағалау. Міндеті: өзара бақылау, оқушының және сыныптың жұмысы мен қабілеттілігіне сапалы баға беру (ынталандыру, мадақтау, ескерту).

9. Рефлексия кезеңі. Бейнебаянға қосылып «Достар» әнін орындау.

Әсемкүл ТҰРЛИНА,
Астана қаласындағы
№53 мектеп-лицейдің мұғалімі.

ФУТБОЛ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: футбол туралы түсінік беру, білімдерін кеңейту, спорт тақырыбы бойынша сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлемдер құрай білуге үйрету. **Міндеттері:** оқушылардың тілдерін, ой-өрістерін лексика-грамматикалық тапсырмалар арқылы кеңейту,

сөйлеу дағдыларын дамыту, өздігінен жұмыс істеуге баулу; салауатты өмір салтын сақтау әдеттерін қалыптастыру, спортқа деген қызығушылығын арттыру. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, ойқозғау, топпен жұмыс, салыстыру, ойын. **Көрнекіліктері:** интерактивті тақта, тақырыптық суреттер, қима қағаздар, плакат, слайд-презентация.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1) сәлемдесу; 2) түгелдеу.

II. Үй жұмысын пысықтау. Тіл дамыту мәтінін мазмұндау. Жеке шығармашылық жұмыс.

III. Жаңа сабақ.

1. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.

Сыныпты екі топқа бөлу. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Футбол» болғандықтан, екі топқа бөлінейік. Сиқырлы доп ішіндегі әріптерден өз тобының аты анықталады. Біз олимпиадаларда Қазақстан спортшыларын қандай сөздермен қолдадық. Сол ұрандарды бір-бірімізге айтайық. (Алға, Қазақстан! Жарайсың, Қазақстан!) Ендеше, іске сәт!

2. Ойқозғау.

- Спорттың қандай түрлерін білесіңдер?
- Спорт дегеніміз не?
- Сыныпта спортпен шұғылданатын оқушылар бар ма?

3. Жаңа сөздермен жұмыс. Интерактивті тақтада түсіндіріледі.

Қарсылас – Шабуылшы –
Кезең – Қорғаушы –
Қақпашы – Бапкер –

4. Интерактивті тақтадан **«Футбол»** туралы слайд көрсетіледі.

5. Оқулықпен жұмыс. Екі топ диалог бойынша өзара сөйлеседі.

6. Дәптермен жұмыс. 1) 2-тапсырмадағы тіркесті сөздердің жасалу жолдарын анықтаңдар.

Футбол ойыны, қарсыластарының қақпасы, тыйым салынады, ойынның ұзақтығы, 45 минут, екі кезең.

7. Слайдтағы сан есімдерді реттік сан есімге айналдырып, дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар.

8. Екі топ үлестірмелі кеспелер таратылады.

1)

Төмендегі синоним сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп жазыңдар.	
Атақты Жаттықтырушы Жеңімпаз Ұнату Айналысу Жаттығу Сайыс	Жақсы көру Дайындау, үйрену Бапкер Жүлдегер Белгілі, әйгілі Шұғылдану Жарыс, дода

2) Футбол сөзімен тіркесе алатын сөздерді жазып шығыңдар.



9. **Кім тапқыр?** Сұрақ-жауап ойыны. Екі топқа 10 сұрақтан оқылады, олар оған ойланбастан жауап беру керек.

I топ:

1. Спорт деген не? 2. Спортпен қай кезден шұғылдану керек? 3. Дәулет Тұрлыханов кім? 4. Қазақстанда Азиада қашан өтті? 5. Футбол ойыны неше кезеңнен тұрады? 6. Жеңіл атлетика дегеніміз не? 7. Әлемнің ең

мықты қақпашысы кім? 8. Әлемнің ең белгілі жартылай қорғаушысы? 9. Әлемнің ең шебер ойыншысы кім? 10. Әлемнің ең жақсы құрама командасы қай команда?

II топ: 1. Бекзат Саттарханов кім? 2. Лондон олимпиадасында Қазақстан құрамасы неше медаль алды? 3. Тоғызқұмалақ қандай ойын? 4. Әлия Юсупова кім? 5. Астанада қандай спорт кешендері бар? 6. Таеквондо неге үйретеді? 7. Әлемнің ең атақты қорғаушысы кім? 8. Қажымұқан Мұңайтпасұлы кім? 9. Әлемнің ең тәжірибелі бапкері кім? 10. Әлемнің ең танымал футбол командасы қалай аталады?

10. **Кім көп біледі?** Мақал-мәтелдер сайысы. Екі топқа спортқа және денсаулыққа байланысты мақал-мәтелдердің кеспесін таратамын, жалғасын табыңдар.

I топ:

1. Денсаулық – зор... .
2. Тәні саудың – жаны ... ,
   Жаны саудың – тәні ... ,
3. Жаны сұлудың – тәні ... .

II топ:

3. Денсаулық – байлықтан ... .
4. Шынықсаң, шымыр ... .
5. Күшенген сенбейді, күші көп ... .

IV. Сабақты қорытындылау. Венн диаграммасы.



V. Үйге тапсырмасы. «Менің сүйікті футболшым» тақырыбына эссе жазу.

VI. Оқушылар білімін бағалау.

VII. Рефлексия кезеңі:

Оқушыларға әріптер тарату. Сол әріптен басталатын сөз айту арқылы сабақтан алған әсерімен бөлісу.

Сұлушаш ЖЕТПІСБАЕВА,
Астана қаласындағы
№32 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР – ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға мақал-мәтелдер туралы білім беру. **Міндеттері: білімділік** – мақал-мәтелдердің ауыз әдебиетінің басқа түрлерінен ерекшелігі, тақырыбы, мазмұны, тәрбиелік мәні туралы айту; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілеттерін, танымдық ізденістерін, көркем ауызша баяндау ретін, ой алғырлығы мен ойды бейнелеу нақыштарын, тіл байлықтарын жан-жақты дамыту; **тәрбиелік** – мақал-мәтелдердің мазмұны арқылы оқушыларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, ұлттық дәстүрге тәрбиелеу. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** ойын, түсіндіру, сайыс, әңгіме, сұрақ-жауап, аударма. **Көрнекілігі:** суреттер, сызбалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Сұрақ-жауап арқылы өткен материал бойынша қайталау, еске түсіру.

1. Халық ауыз әдебиеті қалай сақталған?
2. Халық ауыз әдебиетінің түрлерін ата?
3. Тұрмыс-салт жырларының түрлерін ата?
4. Наурыз қандай мейрам?

II.Үй тапсырмасын тексеру.

Мақсаты: оқушылардың «Наурыз өлеңінің» мазмұнын түсініп, есте сақтап, қандай мейрамда айтылатыны туралы білімдерін тексеру. Жаңа сөз бен сөз тіркестерін дұрыс айтып, жазу емлесін есте сақтау, сауатты сөйлемде қолдануға үйрету.

1-тапсырма: «Наурыз» өлеңін жатқа білу, мәнерлеп оқу және мазмұнын түсініп оқу.

2-тапсырма: Жаңа сөздерді жаттау.

III. Жаңа сабақты түсіндіру.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Мақал-мәтелдер – халық ауыз әдебиетінің бір түрі. Мақал-мәтелдер – халықтың өмірде көрген-білгендерінен жасалған аз сөзбен көп мағына беретін ақыл-ой түйіні. Олар тез және жеңіл айтылады. Адамды жақсылыққа, еңбекке, адамгершілікке, елін сүюге, достыққа, бірлікке тәрбиелейді.

Мақалдар, көбінесе, бір сөйлемнен құрылады. Мақал-халықтың өмірден алған тәжірибесінің, ой-тұжырымының қорытынды жиынтығы, айқын ойды үлгі-өнеге, ақыл ретінде қысқа қайырып, көркем бейнелеп жеткізетін халықтың дана, нақыл сөзі.

Мәтел – мақалға қарағанда ойды ақырына дейін жеткізбей, топшылап, болжам ретінде түсіндіретін, сөйлем түрінде де, сөз тіркесі түрінде де келетін фразеологиялық бірлік.

Мақал-мәтелдердің тақырыптары әр түрлі.

Тірек-сызбамен жұмыс:

Сөздік жұмысы. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін оқу, жаттау, талдау, сөздік дәптеріне жазу.

*Кітаппен жұмыс.*Оқушы оқулықтағы қысқа мәтінді оқып, мазмұнын түсініп, талдайды. Берілген сұрақтарға жауап беруі тиіс. Мақал-мәтелдер туралы өз сөзімен қысқаша мәлімет береді.

IV. Жаңа сабақты бекіту.

Мақсаты: Төменгі сыныптарда өткен мақал-мәтелдерді еске түсіру.

Суретке қарап, тақырып бойынша мақал-мәтелдер айту.

Мысалы: 1. Ата мен баланың суреті.

Ата – бәйтерек. Бала – жапырақ.

2. *Мектептің суреті.*

Оқу – білім бұлағы. Білім – өмір шырағы.

3.Төрт-түлік мал суреті.

Мал төлімен жарасар. Жер гүлімен жарасар.

V. Қорытынды. Сұрақ-жауап арқылы оқушылардың жаңа сабақ бойынша түсінгендерін, алған білімдерін тексеріп, қорытындылау.

Сұрақтарға жауап беру:

1) Мақал-мәтелдер дегеніміз не?

2) Мақал-мәтелдердің тақырыптары қандай? (Тірек-сызба)

Мақал-мәтелдердің айырмашылығын сызба арқылы көрсету:

VI. Үйге тапсырма. «Мақал-мәтелдер» тақырыбы бойынша жаңа сөз бен сөз тіркестерін жаттау.

VII. Бағалау.

Анар КАДРУШЕВА,
Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы,
Ұзынкөл ауылы.

ЖЕМІС БАҒЫНДА

(6-сынып)

Мақсаты: жіктік жалғауын меңгерту. **Міндеттері: білімділік** – жеміс бақтарындағы жемістердің аттарын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде айта білуге, алғырлыққа, мәтіннің мазмұнын өз ойымен айта білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың сөз байлығын, ойлау қабілетін дамыту, тез ойлауға, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – суреттегі жемістердің аттарын нақты әрі дұрыс айтуға жетелеу, сауатты жазуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, тірек-сызбалар, кәртішкелер. **Әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап әдісі. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, ағылшын тілі, орыс тілі.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру бөлімі.

1. Оқушылармен амандасу;

2. Оқушыларды тексеру;

3. ҚР әнұранын айту.

II. Үй жұмысын тексеру.

III. Жаңа сабақты ашу.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Балалар, бүгін біздер жалғаудың бір түрі – жіктік жалғауын өтеміз. Сендер оны 5-сыныпта өтіп кеттіңдер. Балалар, сендер «Сөз құрамы» деген грамматикалық тақырып өттіңдер. Енді соны сызба арқылы қайталап жіберейік.



деп тірек сызба арқылы алған білімдерін тексеру.

1) Сыныпты екі қатарға бөліп, екі қатар бір-біріне жуан, жіңішке сөздер айтады, ал қалған оқушылар бір-бірден тақтаға шығып I, II, III жағын айырып жазады. Жарысу арқылы жіктік жалғауын меңгерту. Мысалы: жекеше, көпше түрінде/

1-қатарға жуан сөз «бала»	2-қатарға жіңішке сөз «дәрігер»
I ж**.** баламын	дәрігермін
IIж. баласың	дәрігерсің
II ж. баласыз	дәрігерсіз
IIIж. бала	дәрігер

2) Мәтін бойынша жұмыс.

- Балалар, мәтінді оқымастан бұрын, жаңа сөздермен танысайық.

Сөздіктерді оқушыларға даралап, хормен қайталату, мәтінді тізбектіп оқыту. Не туралы жазылғанын сұрау.

3) «Шар жару» ойыны арқылы мәтіннен түсінгені бойынша сұраққа жауап алу. Ережесі: үрілген шардың ішінде сұрақтар жатады. Сол шарды мұғалім жарып, ішінен сұрақтар шашылып жерге түседі. Ал оқушылар бір-бірден шығып осы сұрақтарға жауап берулері тиіс.

IV. Жаңа сөздермен жұмыс. Жаңа сөздерді орыс тіліне, ағылшын тіліне аударып көрейік.

Алма – яблоко – apple;
Банан – банан – banana;
Алмұрт – груша – pearnea;
Лимон – лимон – lemon;
Шие – вишня – cherry;
Апельсин – апельсин – orange;
Құлпынай – клубника – strawberry;
Қара өрік – слива –plums;
Таңқурай – малина – raspberry;
Шабдалы –персик – peach;
Жаңғақ – орех – nut;
Өрік – абрикос – apricot.

V. Жаттығулармен жұмыс.

1) Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойып жазыңдар /кәртішкелер/.

2) Жаңа сөздерді айтқанда көз алдарыңа елестеген суреттерді дәптерлеріне салу.

3) Сөздермен сөз тіркесін құрастыру.

VI. Қорытынды сабақ. «Ағаштан жемістерді теру». Сұрақ-жауап әдісін қолданамын. Әр жемістің артына сұрақтар жазылады. Сол сұрақтарға жауап берулері керек.

VII. Ауызекі сөйлеу /диалог құру/.

VIII. Үйге тапсырма.

IX. Бағалау.

Ақлима НҰРМҰХАНОВА,
Орал қаласындағы
№7 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты:	Сөздердің байланысу тәсілдерін қайталау барысында киіз үй туралы әңгімелеуді үйрену.	
Күтілетін нәтиже:	а) Байланысу тәсілдерін атайды, сөздік жұмысын жүргізеді; ә) Байланысу тәсілдерін анықтайды, киіз үй туралы сұрақтарға жауап бере алады; б) Байланысу тәсілдеріне мысал келтіреді, киіз үй туралы әңгімелейді.	
Әдіс-тәсілдері:	Сұрақ-жауап, ассоциация, синквейн, топтастыру, семантикалық карта, жалғанын тап.	
Бағалау:	Қол соғу. Басбармақ. Бағалау парағы. Кері байланыс парағы «Алақан».	
Барлығын қосқанда:	Шаттық шеңбері. Топқа бөлу. Постер қорғау. Деңгейлік тапсырмалар.	
Дереккөздер:	Оқулық, презентация, маркер, флипчарт, суреттер, топшамалар.	
Сабақтың барысы. Кіріспе.	Тұлға аралық байланысты орнату. «Шаттық шеңбері» арқылы бір-біріне жақсы тілек айтады. Сабақ басталады. Сол шеңберде тұрып үй тапсырмасын сұраймын. Үй тапсырмасы: байланысу тәсілдерін қайталау. Шаңырақ, уық, кереге суреттерін үлестіру арқылы топқа бөлемін.	
	Мұғалім сөзі:	Оқушы сөзі:
Тұсаукесер.	Қызығушылық пен назарға қол жеткізу. Бейнеролик көру арқылы сабақтың тақырыбын ашады.	

Негізгі бөлім.	Жаңа сөздермен танысу: Баспана – жилье; Қасиетті, киелі – священный; Қолайлы – удобный; Қара шаңырақ – дом главы большой семьи; Мүлік – имущество.	«Синквейн» әдісі бойынша жаңа сөздермен жұмыстану: 1. Сөз. 2. Сөз тіркесі. 3. Етістік. 4. Сөйлем.
	Оқушыларға сұрақтары бар топшама үлестіремін. Көшпелі халықтардың негізгі баспанасы не? Ол неше және қандай бөліктерден тұрады? Киіз үй неге қолайлы?	Сұрақтарға жауап бере отырып постер жасайды. Артына стикер жапсырылған оқушы шығып постерді қорғайды.
	«Басбармақ» арқылы бағалайды.	
	Киіз үй – көшпелі халықтардың өте қолайлы және киелі баспанасы. Қыста жылы, ал жазда салқын болады. Киіз үйдің негізгі бөліктері: шаңырақ, кереге, уық. Кереге киіз үйдің негізін құрайды. Дайын керегені қанат деп атайды. Киіз үй төрт, алты, сегіз, он екі қанатты болады. Уық – кереге мен шаңырақты қосатын негізгі бөліктің бірі. Шаңырақ – киелі мүлік. Атадан балаға мұра болып келе жатқан үйді қара шаңырақ деп құрметтейді. Үйдің кенжесі қара шаңырақ иесі.	
Сергіту сәті.		
	Деңгейлік тапсырмалар: а) Семантикалық карта. Байланысу тәсілдерін анықта.	

Сөз тіркесі	Қиысу	Матасу	Меңгеру	Қабысу	Матасу
Киіз үй					
халықтардың баспанасы					
салқын болады					
негізгі бөліктері					
қанат деп атайды					
керегені атайды					

	<table><tr><td>кереге құрайды</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>қара шаңырақ</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>қара шаңырақ иесі</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>қолайлы және киелі баспанасы</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>киелі мүлік</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table> ә) Синтаксистік талдау. 1. Киіз үй – ата-бабаларымыздың негізгі баспанасы. 2. Оны қастерлеп ұстаған қазақ халқы екенін мақтанышпен айтамыз. 3. Киіз үйді біздің халық қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. 4. Киіз үй – қазақтың тұрағы, еншісі, баспанасы. б) Киіз үй туралы сұрақтар құрастырады.
Қорытынды.	Жалғасын тап: Меңгеру ілік септігі мен тәуелдік жалғауы арқылы жасалады. Қабысу жалғаусыз, шылаусыз іргелес тұру арқылы жасалады. Матасу жіктелу реті арқылы жасалады. Матасу ілік септігі мен тәуелдік жалғауы арқылы жасалады. Киіз үй – көшпелі халықтардың өте қолайлы және киелі тұрағы. Киіз үй – орыс халқының баспанасы. Киіз үйдің негізгі бөліктері: шаңырақ, кереге, уық. Үйдің үлкені – қара шаңырақ иесі.
Үй тапсырмасы:	7-тапсырма аудару, мазмұндау Эссе жазу.
	Кері байланыс парағы. «Алақан»

Гүлнұр ЖАНБАБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№17 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БАС КИІМДЕРІ МЕН АЯҚ КИІМДЕРІ

(7-сынып)

Мақсаттары: оқушыларға қазақ халқының ұлттық бас киімдері мен аяқ киімдерінің түрлері, пайдалану және тұтыну ерекшеліктері туралы түсінік беру. **Міндеттері: білімділік –** Қазақ халқының ұлттық мәдениетімен, өзіне тән әдет-ғұрпымен таныстыру; **дамытушылық –** ауызекі тілді дамыту, танымдық ой-өрісін кеңейту, сана-сезімін, ой, ми қабілетін жетілдіру, шығармашылық белсенділігін арттыру, қазақша жатық сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру, білімге құмарлығын дамыту, сөздік қорын байыту; **тәрбиелік –** өз халқының салт-дәстүрін білуге, құрметтеуге, мақтан етуге, өркендетуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас. **Әдіс-тәсілдері:** ізденіс, ғылыми-зерттеу, ой қозғау, ой түйіндеу, пікірталас, сұрақ-жауап, пәнаралық байланыс, салыстырмалы. **Көрнекілігі, ОТҚ:** иллюстративтік, үлестірмелі қосымша материалдар, қима қағаздар, дидактикалық материалдар, кестелер, сызбалар, интерактивті тақта, слайдтар.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Міндеттері:

- Сабақта жұмыс жүргізу үшін қалыпты сыртқы жағдайды қамтамасыз ету;
- Оқушыларды қарым-қатынасқа психологиялық дайындау;
- Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру;
- Оқушылардың көңілін сабаққа аударуды ұйымдастыру.

2. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.

Міндеттері:

а*)* Үй тапсырмасының орындалу деңгейі мен сапасын тексеру;

ә) Кемшілектер мен қателіктерді анықтау;

б) Қатемен жұмыс. *Топпен жұмыс. Сәукеле, Кимешек, Бөрік топтары.*

1. Тақтаға «Сәукеле» сөзін жіктеу.

«Кимешек» сөзін тәуелдеу.

«Мәсі» сөзін септеу.

2. Оқушылар қасиетті қазақтың қоржынынан сұрақтар алып, тақтада ілулі тұрған суреттерден тауып, жауап береді, әрқайсысы киімдерге қатысты тыйымдарды жатқа айтады.

№1. Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері қандай?

№2. Қазақ халқының сыртқы киімдерін атаңдар.

№3.Қазақтардың ішкі киімдері қандай?

№4. Қазақтың ұлттық бас киімдерін атаңдар.

№5. Қазақтың ұлттық аяқ киімдерінің түрлерін атаңдар.

3. Өткен сабақ пен жаңа сабақты сабақтастыру.

Міндеттері:

а) өткен сабаққа шолу;

ә) өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыру;

б) жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

4. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі.

Міндеттері: грамматикалық форманы, жаңа сөздерді, жаңа материалды таныстыру, меңгерту.

Сабақтың мақсатымен таныстыру.

1. Жаңа сабақтың тақырыбы: Қазақтың ұлттық бас киімдері мен аяқ киімдері.

А) Сөздік: сөз тіркестерін және сөйлемдер құрастыру, суреттерін көрсету.

1. Шошақ төбелі. Шошақ төбелі тақия.

2. Ақ киіз. Ақ киізден тігілген қалпақ.

3. Артқы етек. Тымақтың артқы етегі.

4. Сәйкес. Тақия камзолға сәйкес келуге тиісті.

5. Безендірілуі. Сәнді жіптермен, моншақтармен безендіріледі.

Ә) Мұғалімнің сөзі: - Қазақ халқының қолөнері – көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Қолөнердің басты бір саласы – киім тігу. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қолөнердің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де аз емес. Олардың кейбіреулерін ескінің көзі – қарттар күнделікті киіп жүрсе, енді біреулерін қыз ұзату, келін түсіру тойларында ойын-сауыққа пайдаланады. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ол – біздің ұлттық мәдениетіміз.

Қазақ халқы ешқашан жалаң бас жүрмеген. Ер адам, әйел адам өзіне сай бас киім киген. Жалаң бас жүрмеудің экологиялық, эстетикалық негізі бар. Баскиім қыста аязда, жазда күннің ыстығынан қорғайды. Денсаулыққа үлкен мән берген ата - аналарымыз баскиімге аң, мал терілерін пайдаланған, тыстық ретінде берік, тығыз, шыдамды матаны қолданған. Бас киімді екі түрге бөлген. Ер бала және қыз бала, әйелдер – сәлде, картоз, тақия киген. Қыз балалар – кәмшат бөрік, тақия. Әйелдер бас киімі – сәукеле, кәмшат бөрік, қасаба, кимешек, шылауыш. Бас киімге байланысты қалыптасқан дәстүрлер де бар, мысалы, тымақ айырбастамайды, аяқ тигізбейді. Қазақта шала туған баланы тымаққа салып асырайтын дәстүр бар. Тымақ тастап кешірім сұрау – бітімге шақырудың ең үлкен белгісі. Әйелдердің бас киім түрлері.

Интерактивті тақтадағы кесте бойынша жұмыс.

Баскиім	Түрлері, суреттері.	Жасалуы
Ерлердің баскиімі. 1-слайд. Тақия.		Сәтен, барқыт сияқты маталардан тігіледі. Оның түрлері – үкілі, шошақ төбелі.
2-слайд. Қалпақ.		Ақ киізден, қалың матадан жасалады. Ол биік төбелі.
Әйелдердің баскиімі. 3-слайд. Бөрік.		Аң терісінен тігіледі. Оның түрлері – қазақы бөрік, сәукеле, бөрік, т.б.
4-слайд. Кимешек.		Жасамыс (егде) әйелдер киетін бас киім. Жағы, өңірі оқаланып кестеленеді.

Осылайша ерлердің, әйелдердің аяқ киімдерінің түрлері, суреттері көрсетіліп, оқушылар олардың

жасалуын суреттейді. 1-слайд – Саптама етік; 2-слайд – Мәсі; 3-слайд – Кебіс; 4-слайд – Киіз етік, т.б.

Тіл білімі: Біз өткен сабағымызда етістіктің райларымен таныстық. Сұрақ-жауап арқылы қайталап жіберейік.

- Етістіктің райлары нені білдіреді?

- Етістіктің райлары орындаушының іс-қимылға байланысты ой-пікірін, қатынасын білдіреді.

- Етістіктің неше райы бар?

- Етістіктің төрт райы бар: ашық, шартты, қалау, бұйрық.

- Біз бүгінгі сабағымызда ашық рай мен шартты райды пысықтаймыз. Ашық рай нені білдіреді?

- Ашық рай іс-қимылдың қай шақта екенін білдіреді.

Мысалы: Мен күнде келемін. (осы шақ)

Мен ертең келемін. (келер шақ)

Мен келдім. (өткен шақ)

-Шартты рай нені білдіреді?

- Шартты рай іс-қимылдың орындалу-орындалмау шартын білдіреді.

Мысалы: Күн жылы болса, серуенге шығамыз.

5. Жаңа материалды меңгеру дәрежесін тексеру кезеңі.

Міндеті: жаңа материалды оқушының қаншалықты меңгергенін тексеру.

Төменде берілген тұйық етістіктерді шартты, ашық райларға қойып, жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

Шартты рай	Ашық рай
Етістік -са, -се+жіктік жалғау Үлгі: ұйықта ұйықта+са+м (шартты рай)	күнде ұйықтаймын (осы шақ) ертең ұйықтаймын (келер шақ) ұйықтады (өткен шақ)

Ұйықтау, кию, тігілу, жүру, қарау, сатып алу.	

2-тапсырма. Керекті жалғауларын қойып, көшіріп жазыңдар.

6. Жаңа материалды бекіту кезеңі.

Міндеті: жаңа материалды ауызекі және жазба тілде қолдана алу біліктілін қалыптастыру. *1-тапсырма, 114-*бет.

Интерактивті тақтадан қазақтың ұлттық бас киімдері мен аяқ киімдерінінің суреттерін көрсетіп, суреттеу.

Ерлердің: 1-слайд: тақия*;*
2-слайд: қалпақ*;*
3-слайд: тымақ.

Әйелдердің: 1-слайд: бөрік*;*
2-слайд: кимешек*;*
3-слайд: тақия.

Аяқ киімдер: 1-слайд: мәсі*;*
2-слайд: саптама етік*;*
3-слайд: кебіс.

Сөзжұмбақ.

2. Әйелдер де, ер кісілер де киетін баскиім.
3. Қыста киетін ер адамның бас киімі.
4. Жеңсіз жеңіл киім.
5. Аяқ-киім түрі.
6. Қалыңдықтың бас киімі.

7. Жаңа сабақты қорытындылау.

«Кім жылдам?» ойыны: киімге байланысты мақал-мәтелдерді жатқа айту. Қай топ көп мақал-мәтел айтып, ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

1. Жылы киім тәнді жылытар,
   Жылы сөз жанды жылытар.
2. Киім кірі жуса кетеді,
   Көңіл кірі айтса кетеді.
3. Тар киім – тозғақ.
4. Кебенек киген келер,
   Кебін киген келмес.
5. Адам көркі – шүберек, т.б.

8. Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі.

Міндеттері: Оқушылардың материалды меңгеру сапасын анықтау;

Өзін-өзі және өзара бақылаушылық мүмкіндігін дамыту.

Тест. Жауаптарын интерактивті тақта арқылы тексеріп, ұпайларын анықтайды.

1. Ұлттық киімдердің ішінен сырт киімді табыңдар:

а) кебіс; ә) шапан; б) сәукеле; в) тақия.

2. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойыңдар... киімді төңкеріп қоймайды:

а) аяқ; ә) бас; б) іш; в) сырт.

3. Берілген тыйым сөзді мағынасына қарай аяқтаңдар. Киімнің жағасын ...

а) қайырмайды; ә) үтіктемейді;
б) баспайды; в) жумайды.

4. Сәукеленің биіктігі қанша см аралығында болуы керек?

а) 20-30 см; ә) 25-30 см; б) 25-40 см; в) 25-50 см.

5. Сәтен, барқыт сияқты маталардан тігілетін қазақтың ұлттық бас киімін атаңдар:

а) тақия; ә) қалпақ; б) тымақ; в) бөрік.

6. Жасамыс (егде) әйелдер киетін бас киім:

а) бөрік; ә) кимешек; б) тақия; в) сәукеле.

7. Ұлттық киімдер пайдалану ерекшеліктеріне қарай нешеге бөлінеді?

а) қыстық, маусымдық;

ә) күнделікті, сәндік;

б) сәби киімі, бозбала киімі;

в) неке киімдері.

8. Берілген сөйлемдегі етістіктің рай түрін табыңдар. Қазақтың ұлттық киімі жойылмасын.

а) ашық рай;

ә) қалау рай;

б) шартты рай;

в) бұйрық рай.

9. Берілген сөйлемді аяқтаңдар. Тақия –

а) дөңгелек, жеңіл бас киім;

ә) үшбұрышты, тік бас киім;

б) екі жағы айыр келген қалпақ;

в) киізден жасалатын бас киім.

10. Қалау рай жұрнақтарын табыңдар:

а) -са, -се;

ә) -ғы, -гі, -қы, -кі;

б) -айын, -ейін; -йін;

в) -айы, -ейік.

9. Үй тапсырмасы.

Міндеттері: оқушыларға үй тапсырмасының мақсатын, мазмұнын, орындау тәсілдерін түсіндіру.

а) Жаңа сөздерді жаттау; ә)3-тапсырма, 116-бет.

10. Бағалау кезеңі.

Міндеттері: Өзара бақылау, жеке оқушының және сыныптың жұмысы мен қабілеттілігіне сапалы баға беру (ынталандыру, мадақтау, ескерту, т.б.)

11. Рефлексия кезеңі:

Міндеттері: оқушының көңіл-күйін, іс-әрекетін, оқушылар мен мұғалімнің өзара қатынас рефлексиясына жағдай жасау, оқушылардың өзін-өзі ұстай білуі және ынтымақтастық қағидаларын түсінуін қамтамасыз ету.

Сайлаугүл СПАНОВА,
Алматы қаласындағы
№117 жалпы беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

(6-сынып)

Мақсаты: қазақтың ұлттық тағамдары туралы мәтінді оқып, мазмұнын айтуға дағдыландыру.

Міндеттері: білімділік – жаңа сөздерді меңгерту; **тәрбиелік** – асқа байланысты салт-дәстүрлерді, ырымдарды біліп, сыйлауға, бағалауға үйрету. Адамгершілікке, ұлттық сыйластыққа, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу; **дамытушылық** – ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге баулу, сөздік қорларын байыту.

Түрі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, іздендіру, т.б. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, слайдтар, мазмұнды суреттер, үлестірмелі тапсырмалар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі – сәлемдесу.

2. Кезекшімен диалог жүргізу:

- Бүгін кім кезекші?
- Қазір қай жыл мезгілі?
- Аптаның қай күні?
- Ауа райы қандай?

3.Үй жұмысын тексеру. Өткенді қайталау:

а) Өткен сабақтардың тақырыптары қандай?

ә) Көктемнің қандай мерекелерін білесің?

б) Көктемгі мерекелерді сипаттаңдар.

в) Етістік райларының жасалау жолдарын айтып беріңдер.

Үлестірмелі кәртішкелер:

	К - 1
	Мына сөйлем ішінен шартты райдың жұрнағын белгіле.
	Шолпан келсе, киноға барамыз. Ерте тұрсам, серуенге барамын. Көрсем айтайын.
	К - 2

	Мына ән ішінен қалау райды етістікті тап: Құс та болғым келмейді қанатым бар, Қанатым бар күмістен жаратылған. Сәби болғым келеді, сәби болғым, Бұл өмірден хабарсыз жаңа туған. (М.Мақатаев)

	К - 3
	Сөйлемдердің ішінен бұйрық райды тап. Сен бүгін қонаққа бар. Ертең балалармен мұражайға барыңыз. Кітапханадан оқулықтарды ал.

4. Мақсатын баяндау: Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Қазақтың ұлттық тағамдары». Мәтінді оқу, слайд көру арқылы ұлттық тағамдар туралы өз ой-өрісімізді кеңейтеміз, тағаммен байланысты салт-дәстүрлер, ырымдар, мақал-мәтелдерді білеміз.

5. Жаңа сабақ: Кіріспе сөз. Әр халықтың өз салт-дәстүрлері бар. Қазақ халқында ұлттық тағамдардың түрі көп. Біздің қазақ халқы асты жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Қазақ халқы – өте бауырмал, қонақжай халық. Олар келген адамды әрқашан құшақ жая қарсы алып, оған мал сойып, табақ тартқан.

1.Сөздікпен жұмыс:

ұлттық тағамдар – национальные блюда;
басты – основное, главное;
қуырдақ – жареное мясо;
тоңазымайды – не остывает;
сіңімді – легко перевариваемый.

Сөздердің мағынасын түсіндіру, аудару.

Дұрыс айтуға дағдыландыру.

- Мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды.
- Оқушылар сөздерді дауыстап оқиды.

- Тізбектеп оқиды.

а) Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастыру.

ә) Сөйлемдерді құрастыру.

2. Мәтінді мәнерлеп, тізбектеп оқу.

3. Мәтін бойынша сұрақ-жауап құрастыру:

1) Ұлттық тағамдар неше түрге бөлінеді?

2) Қазақтың басты ұлттық тағамы не?

3) Жылқының етінен не дайындайды?

4) Жылқы етінің қандай ерекшелігі бар?

4. Грамматикалық тапсырма: (дәптерге жазғызу).

Мәтіннен етістіктерді теріп жазыңдар. Берілген етістіктерді үш шаққа қойып, кестені толықтырыңдар:

Тұйық етістік	Нақ осы шақ	Жедел өткен шақ	Ауыспалы келер шақ
жасау			
ішу			
дайындау			
қуыру			
болу			

5. Интерактивті тақтада: (дәптерге жазғызу)

№1 тапсырма: кестені толықтырыңдар.

ҰЛТТЫҚ			
Нан тағамдары	Сүт тағамдары	Ет тағамдары	Дәннен жасалған тағамдар

2-тапсырма (слайд): мақал-мәтелдер қандай мағынаны білдіреді?

(3 оқушыға үйге алдын-ала берілген тапсырмалар)

1. Бір күн дәм татқан үйге қырық күн сәлем.

2. Таспен атқанды аспен ат.

3. Қазаны оттан түспейді.

Мақал-мәтелдер бойынша алдын ала дайындап келген тапсырмаларын тексеру.

Қорытынды: Әр қазақ өзі дәм татқан үйді қатты құрмет тұтқан.

Ас – бірліктің, татулықтың белгісі. Ынтымақ, достық отбасынан, үлкен дастарқаннан басталады.

3. Суретке қараңдар. Суретте қандай ұлттық тағамдар бейнеленген? Қазақтың ұлттық дастарқанында тамақтардың қандай түрлері қойылған? Өзге халықтардың қандай ұлттық тағамдары бар?

6. Оқулықпен жұмыс. Диалогті толықтырып, өзара сөйлесіңдер.

- Қазақтың қандай ұлттық тағамын білесің?

- Қазақтың қандай ұлттық тағамын жақсы көресің?

- Ертең сен біздің үйге қонаққа кел. Әжем дастарқан жаяды. Анам ұлттық тағамдарды дәмді дайындайды.

---

4. Қорытындылау. Рефлексия. Бүгін біз сабақта нені білдік? ----------

---

Мәтінде не туралы айтылды?

Қазақтың ұлттық тағамдары туралы не білдік?

---

5. Үйге тапсырма: оқулықтың 148-бетіндегі мәтінді мазмұндау, мақал-мәтелдерді жаттау.

6. Бағалау.

Жансұлу ДОСЖАНОВА,
Орал қаласындағы
№17 жалпы орта білім
беретін мектептің мұғалімі.

БІЗДІҢ ОТАНЫМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН

Сабақтың мақсаты: оқушылардың алған білімдерін саралай отырып, ойды жүйелеп айтуға қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту, ауызша сөйлеу мәдениетін өрістету, сөздік қорын молайту. Отанды сүюге, қадірлеуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топпен жұмыс, жеке жұмыс, мақалдар айту, өлең оқу. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет. **Көрнекілігі:** слайдтар, нақыл сөздер, интерактивті тақта.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды түгелдеу және сабаққа даярлықтарын тексеру.

Кезекшімен сөйлесу.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

III. Бүгінгі сабақты қазақ ақыны Мұқағали Мақатаевтың өлеңімен бастаймын.

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.

Бұл өлең не туралы?

- Туған жер, Отан туралы.

- Отан деген не?
- Отан деген адамдардың туып-өскен жері.
- Сендер қай жерде, қай мемлекетте туып-өстіңдер?
- Қазақстанда.
- Қазақстан қайда орналасқан мемлекет?
- Бұл ел Еуразияның орталығында орналасқан.
- Қазақстан қандай мемлекет?
- Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.
- Сонда, сендердің Отандарың қай мемлекет?
- Біздің Отанымыз – Қазақстан.

IV. Сабағымыздың тақырыбы: «Біздің Отанымыз – Қазақстан».

Сабақтың мақсаты – жеке тұлғаны қалыптастыру.

Біздің міндетіміз: Өткен сабақтарда оқыған тақырыптар бойынша алған білімдерімізді пысықтап, одан ары дамыту.

Әр азамат өзінің туған жерін, елінің тарихын, мәдениетін біліп өсуі керек.

Ал, енді, Қазақстан туралы сендер қандай өлеңдер білесіңдер?

Оқушылар өлең оқиды.

Ал, енді, Отан туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

Мақал-мәтелдер айту.

V. Енді, алдымен жаңа сөздермен танысайық.

жарияланды – объявлен;
дербес – самостоятельная;
дамыған – развитая;
қуатты – сильный, мощный;
еркін – свободный;

елшілік – посольство;

таңғажайып – удивительно.

Сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыру, тақтаға жазу.

Енді осы шетсіз-шексіз даласы бар, таңғажайып қазақ жері туралы мәтін тыңдаңыздар.

Біздің Отанымыз – Қазақстан

Қазақстан - көп ұлтты, дербес,тәуелсіз мемлекет. Біздің еліміз бай, әрі қуатты ел. Халқының саны 17 млн. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан мемлекеті.

1991 жылы 1-желтоқсанда Президент сайлауы болды. Тұңғыш президент болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болып жарияланды.

1992 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері бекітілді.

1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мұнда барлық халық еркін өмір сүреді.

Қазақстан – құқықтық мемлекет. Қазақстанда 30 мемлекеттің елшілігі бар. Қазақстанның негізгі халқы – қазақ халқы. 1993 жылы қараша айында ұлттық ақша – теңге айналымға түсті.

Қазақстанның бас қаласы және астанасы – Астана қаласы.

Астана Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан. Қазір Астана – өте әдемі қала. Оңтүстік астана – Алматы қаласы да таңғажайып әсем қала.

Қазақ жері – пайдалы кендерге өте бай. Қазақстан табиғаты өте әдемі, біз өз Отанымыздың табиғатын сүйеміз.

VI. Мәтін бойынша сұрақтар қою.

1. Қазақстан Республикасының президенті кім?
2. Қазақстан қандай мемлекет?
3. ҚР мемлекеттік тілі қандай тіл?
4. Қай жылы ҚР-ң мемлекеттік рәміздері бекітілді?
5. Қай жылы Қазақстан тәуелсіз ел болып жарияланды?
6. ҚР-ң Конституциясы қашан қабылданды?
7. Теңге қашан айналымға түсті?
8. Астанамыз қай қала?
9. Халқының саны қанша?
10. Биыл тәуелсіздігімізге неше жыл толады?

Мәтін бойынша топпен жұмыс.

1-топ – Қазақстан мемлекеті.

2-топ – Қазақстан рәміздері.

3-топ – Астана, Алматы қалалары туралы.

VII. Ендігі кезекте ережеге байланысты тоқталып өту.

Мәтіннің ішінен зат есімдерді тауып айту.

VIII. Тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік туғызатын оқыту стратегиясы. 6 түрлі кәртішкеден 6 деңгейге байланысты тапсырмалар қойылады. Кубтың 6 жағына алты түрлі сөздер жазылған. Кубты лақтырғанда қай жағы түссе,соған сәйкес кәртішкені алып жауап береді. Білу, түсіну, қолдану, талдау, жіктеу, бағалау.

1. Білу: Зат есімнің ережесін айт. Зат есімнің септік жалғауларын ата.

2. Түсіну: « Ел» сөзін септе.

3. Қолдану: Жаңа сөздермен сөйлемдер құрастыру.

Дербес, дамыған, таңғажайып, елшілік.

4. Талдау: Бірнеше сөздерді сөз құрамына қарай талдау.

5. Жіктеу: «Біздің Отанымыз – Қазақстан» тақырыбына шағын әңгіме құрап айту.

6. Бағалау: «Біздің Отанымыз – Қазақстан» тақырыбы бойынша өзара сөйлесу.

IX. Жаңа сабақты қорыту.

Кластер бойынша толықтыру.

X. Үйге тапсырма беру. Сөздікті жаттау. «Біздің Отанымыз – Қазақстан» тақырыбына шағын шығарма жазу.

Бағалау.

Дәметкен АБДРАХМАНОВА,
Алматы қаласындағы
№94 мектеп-гимназияның
мұғалімі.

ҮЙДІ ЖИНАУҒА КӨМЕКТЕСУ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: мәтіннің мазмұнымен таныстыру, диалогті толықтырып, оқушыларды өзара сөйлесуге жаттықтыру. **Міндеттері: білімділік –** тірек сөздерді пайдаланып, әңгіме құратып үйрету. Салалас құрмалас сөйлемнен алған білімді қайталау, бекіту; **дамытушылық –** тапсырмалар, сұрақтар, оқыта-үйрету ойындары арқылы оқушылардың дүниетанымын, ойлау қабілетін, тілін дамыту. Ізденіп жұмыс істеуге дағдыландыру. Шығармашылық ізденіспен жұмыс жасау қабілетін дамыту, жетілдіру; **тәрбиелік –** ата-анасын құрметтеп, қамқор болуға, үй шаруасында оларға көмектесуге тәрбиелеу. Бір-бірін тыңдай білуге, бірлесе жұмыс жасауға, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Көрнекіліктер:** «Даналық ағашы» үлестірмелер, алма, жапырақ, жоспар, жаңа сөз. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, музыка, сурет.

Сабақтың тиімділігі:

1) Өз ойын дұрыс жеткізе алуға, өз бетімен жұмыс жасауға баулиды.

2) Негізгі мәселелерін сұрыптап, тұжырымды сөйлеуге жетелейді.

Дарынды оқушылар: Ескендір, Бекасыл, Әмір.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу. Санау әдісі арқылы топқа бөлу.

Шаттық шеңберін құру. Бір-біріне жақсы тілек айтқызу.

Үй тапсырмасын тексеру кезеңі**.**

Тақтада жоспар ілулі тұрады.

Жоспар**:**

1. Сұраймын, жауап бер.
2. «Даналық ағашы» ойын.
3. Жасырынған мақал.
4. Әдепті бала қандай?

1. Сұраймын, жауап бер.

(Оқушылар үйде құрастырған сұрақтарын келесі топқа қояды).

- Ана сенің кімің?
- Ананың балаға деген махаббаты қандай?
- Баланың ана алдындағы парызы қандай?
- Отбасы бақыты дегенді қалай түсінесіңдер?
- Отбасында қадір тұтатын қандай құндылықтар, дәстүрлер бар?

3. Өткен сабақ пен жаңа сабақты сабақтастыру.

а) өткен сабаққа шолу, аналарыңа қалай көмектесіп жүрсіңдер.

ә) өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыру. Отбасыларыңда қандай жақсы іс-әрекет жасайсыңдар?

Жаңа сабақтың тақырыбы:

Үй жинауға көмектесу.

Мақсатын айту. Мәтіннің мазмұнымен танысып, өзара сөйлесу, тірек сөздерді қолданып, сөйлем құрау, салалас құрмалас сөйлемнің түрлерін анықтау, олардың бір-бірінен айырмашылықтарын, ұқсастығын анықтау.

Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі.

Сөздік жұмысы. Жаңа сөздермен сөз тіркесін жазады.

Жуынатын бөлме – ванная комната;

Тазалау – чистить;

Жеке меншік – частный (дом);

Көп қабатты – многоэтажный (дом);

Пәтер – квартира;

Сөре – полка;

Сүрту – вытирать.

Оқулықпен жұмыс:

1-тапсырма. Диалогті толықтырып, өзара сөйлесіңдер.

- Сен қандай үйде тұрасың? (жер үй, көп қабатты үй)

- ...

- Қай пәтерде тұрасың?

- ...

- Үйіңде қанша бөлме бар?

- ...

Сенің бөлмеңде зат көп пе?

- ...

- Бөлмеңді өзің жинайсың ба?

- ...

2-тапсырма. «Үй жинау» деген тақырыпқа тірек сөздерді пайдаланып, салалас құрмалас сөйлем құраңдар.

Үй жинау, сыпыру, кілемдерді қағу, шаңды сүрту, аяқ киімді тазалау, жуынатын бөлмені тазалау, еденді жуу.

Жаңа материалды меңгеру дәрежесін тексеру кезеңі**.**

«Даналық ағашы» ойыны. Шарты: алмада жазылған тапсырманы орындайды, салалас құрмалас сөйлемнің айырмашылықтарын, ұқсастықтарын анықтайды. Қай топ көп жауап берсе, сол топ жеңіске жетеді.

- Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не? Мысал келтір.

- Салалас құрмалас сөйлемнің қандай түрлері бар? Мысал келтір.

- Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

- Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

- Себеп салдар салалас сөйлем дегеніміз не?

- Кезектес салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

- Талғаулы салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

- Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не? Мысал келтір.

- Аналарың сендерді қалай еркелетеді?

- Аналарыңды қалай жақсы көресіңдер?

- Аналарыңа қалай көмектесіп жүрсіңдер?

Тақтада ілінген «Жасырынған мақал» суреті бойынша мақал ойластырып, тақтаға жазады, оқиды. Сөйлем түрін анықтайды.

Отан отбасынан басталады.

Отан оттан да ыстық.

Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер.

Ата – асқар тау,

Ана – бауырындағы бұлақ,

Бала – жағасындағы құрақ.

6. Жаңа материалды бекіту кезеңі.

Оқулықпен жұмыс. Сөйлемдерді толықтырып, салалас құрмалас сөйлемдер құраңдар, түрлерін анықтаңдар.

I топ.

Біздің үйде жиһаз, тоңазытқыш, теледидар бар,... .

Қонақ бөлмесі таза, ...

II топ.

Кітап сөресі кітапқа толы, ...

Терезелердің алдында гүлдер бар, ...

Керекті сөйлемдер: өйткені мен үнемі жинаймын; кішкентай кезімнен жинап жүрмін; анам гүлдерді өте жақсы көреді; оның барлығы жаңа.

7. Жаңа сабақты қорытындылау. Ата-анасы жақсы тәрбие берген, №94 мектеп-гимназиясының оқушылары қандай?

Оқушылар дайындаған жапыраққа жауаптарын жазып, ағашты әрлейді.

(Шыншыл, адал, тілалғыш, мейірімді, қарапайым, ұқыпты, тиянақты, еңбексүйгіш)

8. Үй тапсырмасы: 38-бет, 3-тапсырма тірек-сызбалар бойынша салалас құрмалас сөйлем құраңдар. «Мен анама көмектесемін» тақырыбына әңгіме құраңдар.

10. Бағалау кезеңі. Әр топтың ұпай санын есептеу. Бағалау парағы бойынша әр бөлімде оқушы білімін бағалау.

11. Рефлексия кезеңі.

- Мен салалас құрмалас сөйлем туралы не білдім?
- Ұқсастығы мен айырмашылықтары бар ма?
- Оқушылар өз ойларын айтып, ой бөліседі?

Динара ӨМІРБАЕВА,
Қостанай қаласындағы
№7 орта мектептің мұғалімі.

ХАЙУАНАТТАР БАҒЫНА САЯХАТ

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылардың модуль бойынша алған білімдерін саралау. **Міндеттері: білімділік –** жан-жақты тапсырмалар арқылы білімдерін бекіту. «Өткен шақта жіктеу» грамматикалық тақырыбы бойынша алған білімдерін жазылым әрекеті арқылы бағалау; **дамытушылық –** көру, есту, есте сақтау қабілеттерін, байланыстырып сөйлеу дағдыларын, сауатты жазу, оқу біліктерін дамыту, тілдесім, айтылым, тыңдалым әрекеттерін жандандыру; **тәрбиелік –** қоршаған ортаны ластамауға, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Оқушы нені білуі тиіс? Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жазуды, сандар, тірек сызбалар арқылы сөйлем құрауды білу.

Оқушы нені игеруі қажет? Сұрақтарға дұрыс жауап беруді, ойларын жүйелеуді игеру.

Типі: саяхат сабақ. **Түрі**: бекіту сабақ. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, дүниетану, әдебиет. **Әдістері:**

сұрақ-жауап, әңгіме, көрнекілік, кластер, жаттықтыру, тест, ойын, қисынды ойлау. **Көрнекіліктер, техникалық құралдары:** презентация, бағалау белгілері, суреттер, сөзжұмбақ, тапсырмалар, тест, ертегіге керек заттар.

Сабақтың барысы:

І. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен сәлемдесу;

Жоқ оқушыларды белгілеу, анықтау;

Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

- Балалар, қазір қандай сабақ? Бұл нешінші сабақ? Қазақ тілі сабағында қай тілде сөйлейміз? Қазақ тілі қандай тіл? Сондықтан, балалар барлығымыз қазақ тілін құрметтеп, осы тілде сөйлеуге тырысуымыз керек.

- Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше саяхат сабағы болады. Біз «Хайуанаттар бағы» модулі бойынша өткен тақырыптарды бекітеміз, біліміміздің бағалаймыз.

Сабағымыздың мақсаты: осы модуль бойынша өтілген тақырыптарды еске түсіріп, бекіту, сонымен қатар «Өткен шақта жіктеу» тақырыбы бойынша алған білімдерімізді тексеру, түрлі тапсырмалар арқылы сауатты жазу, оқу әрекетін дамыту.

Сабақтың барысында хайуанаттар бағына саяхатқа барамыз, әр аңды көрмес бұрын тапсырмалар орындаймыз, сабаққа жақсы қатысқан оқушылар түрлі аңдарды жинастырады. Сабақ соңында сол бойынша бағалаймыз.

Ендеше, дәптерімізді ашып, күнді, сабақ тақырыбын жазып қояйық.

ІІ. Білімді жан-жақты бекіту кезеңі.

- Балалар, хайуанаттар бағына кіру үшін не алу керек? Әрине, билет алу керек. Ал билет алу үшін тапсырма беріліп отыр.

«Сұрақ-жауап». Берілген сұрақтарға тез жауап беру керек.

Ең ірі жануар? (көк кит) Ең биік жануар?(керік) Ең жүйрік аң?(гепард) Ең үлкен құс? (африкалық түйеқұс) Ең кішкентай құс? (колибри) Ең ірі қоңыз? (дровосек) Ең ірі көбелек?(агриппина) Ең ірі маймыл? (горилла)

- Өте жақсы, балалар. Жануарлар – табиғаттың бір бөлшегі, сондықтан әр адам оларға қамқор болуы керек. Жануарлармен қатар табиғатты аялау – біздің парызымыз.

Ендеше хайуанаттар бағына билет алдық, саяхатымызды бастаймыз.

1-тапсырма. «Тиісті әріпті қой». Мұнда біз керекті әріпті қойып, сөзді аударып, дыбысқа сипаттама беру керек, сөйлем құрау қажет.

Ір..., салма...ы, ұзындығ..., к...шті, жырт...ыш, о... ай, ...лтіреді, қ...м, ша...ырым, ...демі.

- әріптерді жазу;
- өздеріне тексерту. Талқылау.
- сөзді аударып, дыбысқа сипаттама беру.
- сөзбен сөйлем құрастыру.

- бағалау.

Аң: жолбарыс. Жолбарыс қандай аң? Ол неше метрге секіреді? Жолбарыс нені оңай өлтіреді? Жолбарыс сағатына неше шақырым жүгіреді?

- Саяхатты жалғастырамыз.

2-тапсырма. «Сөйле, айт, шешімін тап». Мұнда біз үш топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды орындауымыз керек.

1-топ – сурет бойынша диалог құру.

2-топ – сандарды сөйлету.

3-топ – сөзжұмбақ шешу.

Сөзжұмбақ.

1. Ең ірі жануар? (Кит)
2. 45 күн су ішпей жүре алатын жануар. (Түйе)
3. Жизнь. (Өмір)
4. Салмағы 9 тонна болатын аң. (Піл)
5. Қу, айлакер аң. (Түлкі)

- Топ тапсырмаларын тыңдау, бағалау.

Аң: керік. Сөзжұмбақта шыққан керік туралы әңгімелеу. Бағалау.

Сергіту сәті. Ақ қоян.

3-тапсырма. «Жазылым». Бұл кезеңде біз өткен шақта жіктеуді еске түсіреміз, тақтада, дәптерде жазамыз.

- Өткен шақ қандай жұрнақтар арқылы жасалады? Мысал келтір.

1-қатар «барды», 2-қатар «келді», 3-қатар «жүрді» сөздерін жіктейді.

Тақтада «көрді» етістігін жіктеу, сөйлем құрастыру. Әр қатарды тексеріп шығу, бағалау.

Жануар: тасбақа. Тасбақа туралы толықтырып оқу.

Ең ірі тасбақа ..... . Оның салмағы ... тонна. Олар ... жұмыртқа салады.

... хайуанаттар бағында салмағы ... центнер тасбақа бар. Ол ... адамды көтереді.

Алып тасбақа ..... жейді. Ол ... ішеді.

- Бағалау.

4-тапсырма. «Тыңда, түсін». Бұл кезеңде оқығанды мұқият тыңдап, не туралы айтылғанын тауып айту қажет.

- Оның салмағы 9 тонна. Ол күніне 140 кг өсімдік жейді. 100-200 литр су ішеді. Ол 70-80 жыл өмір сүреді (піл).

Аң: піл. Кластер бойынша әңгімелеу. Бағалау.

Ең ірі
9 тонна
100-200 литр

Африка
Үндістан
22 ай күтеді

5-тапсырма. «Кім жылдам?». Мұнда берілген жұмбақтардың шешімін табу керек.

- Мұрны насос, кран да,
Таңғаламын бұл аңға. (піл)

- Он бір түйе, бес жылқы,

Екі сиыр, бір ешкі.

Екі қоян, үш түлкі,

Таба алмасаң, бол күлкі. (24)

- Қыс бойына жатады, тәтті ұйқыға батады. (аю).

Аң: аю. Аю туралы сөйлемдерді дұрыс орналастырып оқу, аудару.

Мекендейді, аюлар, ақ, Арктиканы. Салмағы, аюдың, тонна, бір. Болады, ұзындығы, метрге, дейін, үш. Итбалық, жейді, олар, балық. Өмір, аю, сүреді, қырық, елу, жыл.

- Бағалау.

- Балалар, саяхатымыздың соңғы бөлігіне де келдік.

6-тапсырма. «Тест». Мұнда өтілген тақырыптар бойынша тест сұрақтарына жауап береміз.

1. Түйе неше литр су ішеді?

а) 50; в) 200;

с) 300; д) 40.

2. Түйенің сүтінен не жасайды?

а) қымыз; в) сүт;

с) шұбат; д) су.

3. Аюдың салмағы ..... тонна.

а) бір; в) екі;

с) үш; д) төрт.

4. Піл ... жейді.

а) үлкен; в) өсімдік;

с) туралы; д) біледі.

5. Өткен шақ жұрнақтарын тап.

а) -м;

в) -ды, -ді, -ты, -ті;

с) -сы, -сі;

д) -ма? -ме?

6. Керіктің бойы неше метр?

а) 5; в) 11;

с) 9; д) 6.

- Тест тапсырмасын беру.

- Өзара тексерту, бағалау.

Арыстан туралы ертегіні сахналау.

Көрініс. «Арыстан мен тышқан» ертегісі.

Автор:

- Баяғыда бір орманда қаһарлы арыстан өмір сүріпті. Бір күні арыстан шаршап, ағаштың қасына келіп ұйықтайды. Бір кезде үстінен тышқан жүгіріп өтеді. Арыстан тышқанды ұстап алады. Тышқан жылап жібереді.

Тышқан:

- О, арыстан, мені жіберші. Мені жіберсең мен де саған бір күні жақсылық жасаймын.

Арыстан (*қарқылдап күліп):* - Сен маған қалай жақсылық жасайсың? Жарайды, бара бер,- деп арыстан тышқанды жібере салады.

Автор:

- Бір күні орманға аңшылар келеді. Олар арыстанды торға түсіріп, байлап қояды. Аңшылар арбаға кеткенде тышқан арыстанның ақырған дауысын естіп келеді. Тышқан өткір тісімен арыстанды босатады.

Арыстан:

- Рақмет саған, тышқан.

Тышқан:

- Сен маған күліп едің, енді, міне, мен де саған көмектестім,- депті.

- Балалар, бұл ертегіде кейіпкер не? Арыстан. Арыстан – барлық аңдардың патшасы саналады. Мынау ертегіде көрсетілгендей біз де бір-бірімізге көмек қолын созып, қамқор болуымыз керек.

Саяхатымыз аяқталды, бүгін біз қайда болдық? Онда не көрдік? Қостанайда хайуанаттар бағы бар ма? Қостанайда хайуанаттар бағы жоқ, бірақ біздің облысымыздың Наурызым ауданында Наурызым қорығы бар. Онда әр түрлі аңдар өмір сүреді.

III. Қорытынды, бағалау.

- Сонымен, саяхатымыз аяқталды, бүгін сабақта не жөнінде айттық, не білдік, не үйрендік? Сабақта қандай тапсырмалар ұнады?

Көңіл-күйлерің қандай?

Таңбаларды санап, бағалау.

IV. Үй тапсырмасы: бір жануардың суретін салып келу, сөзжұмбақ, ребус, т.б.

Қоштасу.

Маржангүл РАХМЕТОВА,
Черемшанка орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Глубокое ауданы,
Черемшанка ауылы.

ТАЗАЛЫҚТЫ САҚТА!

(2-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылардың тазалық туралы ұғымын кеңейту. **Міндеттері: білімділік** – “Тазалықты сақта” модулі бойынша алған білімдерін саралау, жан-жақты тапсырмалар арқылы тақырыпты бекіту; **дамытушылық** – тапсырмаларды орындауда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың ой-өрісін, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, толық және жүйелі жауап беруге дағдыландыру; **тәрбиелік** – салауатты өмір салтына сай оқушыларды болашақтың тірегі болатын, дені сау азамат етіп тәрбиелеу. **Түрі:** нәтиже, қорытынды сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, көрнекілік, ойын, іздендіру, топтық және жеке жұмыстар. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақта, слайдтар, үлестірмелі қағаздар, ашық хат, суреттер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: а) сәлемдесу.

Арайлап таң атты,
Алтын шуақ таратты.
Армысыңдар, достарым!
Сәлем, сәлем, сәлем!

ә) Сабаққа бағыттау: сұрақ-жауап.

- Балалар, қазір қай сабақ?
- Нешінші сабақ?
- Қазір қай жыл мезгілі?
- Аптаның қай күні?

II. “Сиқырлы санды сөйлетейік” ойынын ойнау арқылы сабақтың тақырыбын анықтау.

3	4	1	6	2	5	9	7	8		3	2	1	5	4
З	А	Т	Ы	А	Л	Ы	Қ	Т		Қ	А	С	А	Т

- Ендеше, балалар, бүгін біз сендермен бірлесіп, «Тазалықты сақта!» деген сабақты пысықтап, қайталаймыз.

III. Білімдерін бекітуге арналған тапсырмалар:

1. Жұмбақ шешу. (Есік қағып, бір оқушы сынып оқушыларының атына Кірқоймастан хат келгенін хабарлайды.)

- Балалар, Кірқоймас бізге не жазыпты, танысайық. (хатпен таныстыру).

- Балалар, Кірқоймас сендерге жұмбақтар жазып жіберіпті. Біз оның жұмбақтарын шешіп көрейік.

Ертемен күнде сен,
Қолыңа сүйкесең.
Кетіп кір-ласың,
Тап-таза боласың.
Бұл не? (сабын)
Шомылған баланы
Аймалап алады.
Сүртеді қолын да,
Сүртеді жонын да.
Бұл не? (сүлгі)
Аузы жоқ, көзі жоқ,

Тілі жоқ, сөзі жоқ.
Бірақ та тісі бар,
Басыңмен ісі бар.
Бұл не? (тарақ)
Белінен қыссаң,
Аузынан ақ уыз шығады.
Бұл не? (тіс пастасы)

2. **«Тазалық сақтау үшін не керек?»** дидактикалық ойыны.

3. Фонетикалық жаттығу.
Лар-лар-лар-пасталар;
Лер-лер-лер-сүлгілер;
Дар-дар-дар-сабындар;
Тар-тар-тар-тарақтар.

4. Лексикалық жаттығу.
- Тіс щёткасы қандай?
- Сабын қандай?
- Сусабын қандай?
- Сүлгі қандай?
- Тарақ қандай?
- Тіс пастасы қандай?

5. Диалог құрау. (Топтық жұмыс)
Екі топ суреттерден диалог құрайды.
Мысалы: -Тіс щёткасы не үшін керек?
-Тіс щёткасы тісті тазалау үшін керек.
1-топқа: тіс щёткасы, сүлгі, сусабын.
2-топқа: тіс пастасы, тарақ, сабын.

6. Сергіту сәті. (Оқушылар қимылмен көрсетеді)
Қояным, қояным,
Орныңнан тұршы.
Бетіңді жушы,

Шашыңды тарашы,

Айнаға қарашы.

7. Жазылым.

Деңгейлік тапсырмалар.

І деңгей. Сурет бойынша сөйлемдер құрап жаз. Кім не істеді?

ІІ деңгей. Керекті сөзді қойып жаз.

Шашты тарауға ..... керек.

Жуыну үшін ..... керек.

Шашты жуу үшін ..... керек.

Тісті тазалау үшін ..... керек.

ІІІ деңгей. Көшіріп жаз.

1. Сабын.

2. Сабын алдым.

3. Мен сабын алдым.

4. Мен екі сабын алдым.

IV. Сабақты бекіту. «Шаттық шеңбері» (Оқушылар тақта алдына шығып, шаттық шеңберін құрайды. Бір-біріне тілектер айтады).

Тазалық сақта!

Шашыңды тара!

Бетіңді сүрт!

Қолыңды жу!

Тісіңді тазала!

V. Сабақты қорытындылау:

Рефлексия: оқушыларға дөңгелек жетондар таратылады. Ол жетондарға оқушылар өз көңіл-күйлерінің суретін салады.

VI. Үйге тапсырма беру.

Гүлзада ХАСАНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«ҚЫС» МОДУЛІ БОЙЫНША НӘТИЖЕ САБАҚ

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – қыс мезгілінің көрінісі туралы түсініктерін тереңдетіп, әр түрлі тапсырмалар арқылы білімдерін пысықтау; **дамытушылық** – «Қыс» тақырыбы бойынша сөздерді пысықтап, меңгерту, ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың ойлау қабілеттерін, белсенділігін, тіл байлықтарын дамыту; **тәрбиелік** – әр жыл мезгілінің әсемдігі, қажеттілігі бар екенін таныту. Табиғат тамашасына сүйсіне білуге, табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, оқулық, кәртішкелер, қыс мезгілі бейнеленген суреттер.

Сабақтың өтілу барысы:

І. Ұйымдастыру кезеңі.

Қызығушылықтарын ояту.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендермен жүздескеніме қуаныштымын.

Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? Бүгін сіздер маған да жақсы көңіл-күй сыйлайды деп сенемін. Тақтаға назар аударыңдар, смайликтер ілінген,сол смайликтер бойынша бүгінгі білімдеріңді бағалайтын боламын. Үш түрлі түс үш түрлі ұпайды білдіреді. Сабақ соңында кім қанша смайлик алғанын санайтын боламыз. Ендеше іске сәт!

II. Үй тапсырмасын сұрау. Қыс туралы өлең, жұмбақтар жаттап келу.

III. Жаңа сабақ. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қыс» модулі бойынша нәтиже сабақ.

Сабағымыздың мақсаты: Қыс тақырыбын жалғастырып, алдыңғы сабақта алған білімдерімізді жинақтау.

Қыс сөзіне ассоциация құру.

1. Мәтінді оқып, түсін. Орыс тіліне аудар.

Қыс

Қыс түсті. Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыс желтоқсан айынан басталады.

Бұл мезгілде күн суытады. Суық жел соғады. Күн қысқарып, түн ұзарады. Жиі-жиі қар жауады. Жердің бетін аппақ қар басады. Адамдар қыста жылы киінеді. Бұл мезгілді балалар ұнатады. Олар коньки тебеді, шаңғымен сырғанайды, аққала жасайды.

Әр жыл мезгілінің өз мейрамы бар. Қыста біз Жаңа жылды қарсы аламыз, Тәуелсіздік күнін тойлаймыз.

2. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аударып, сөйлем құраңдар.

Зима, зимние месяцы, мороз, санки, кататься на лыжах, снег, каток, катаются.

3. Сөйлемдерді қазақшаға аударып жаз.

Наступила зима. Зимой холодно. Зимой идет снег. Дети катаются на санках.

Сергіту сәті. Әуенге билеу. Шыршаның қимылын қайталау.

4. Сөздерге тиісті жалғауды жалғаңдар. Буын түріне ажыратыңдар.

-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің. Бала..., қыс..., шана..., аяз... .

-ға, -ге, -қа, -ке. Қала..., күн..., киім... , су... .

-ты, -ті, -ды, -ді, -ны, -ні.

Қар..., шаңғы..., аққала..., мұз... .

5. Ойын. Сөзді толықтыр. Балалар бір-бірден шығып тақтаға жазады.

1. Қар.
2. Қар жауды. (1 бала)
3. Қар қалың жауды. (2 бала)
4. Кеше қар қалың жауды. (3 бала)
5. Кеше далада қар қалың жауды. (4 бала)

6 . «Әрі оқу – әрі ойын».Айтылым.

Город – қала, санки – ... .

Иди – бар, снег – ... .

Соль – тұз, лед – ... .

7. Сурет бойынша әңгімелеу. «Қыс мезгілі».

8. Шығармашылық жұмыс. Ойлау, есте сақтау, зейіндерін дамытуға байланысты өлең жолдарындағы сұраққа жауап беру арқылы төрт жол өлең құрастыру.

Қар жауады қалай? (жапалақтап)

Кімдер жүр шапалақтап? (балалар)

Балалар не киеді? (қолғап)

Не беттен сүйеді? (аяз)

9. Сабақты қорытындылау. Тест.

1. Қыстың бірінші айын ата:

а) Мамыр; ә) Маусым; б) Желтоқсан.

2. Қыста не жауады?

а) Қар; ә) Жаңбыр; Б.Боран.

3. Қыста қандай мейрам болады?

а) Наурыз мерекесі; ә) Тәуелсіздік мерекесі;

б) Жеңіс күні.

4. Қыстың соңғы айын ата.

а) Ақпан; ә) қаңтар; б) Желтоқсан.

5. Қазір қай жыл мезгілі?

а) Жаз; ә) Көктем; б) Қыс.

V. Үйге тапсырма: қыс туралы сурет салып, мазмұнын айту.

VI. Бағалау. Смайликтер арқылы бағалау.

Айгүл ИМАШЕВА,
Новеньков жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Зеленов ауданы,
Новенький ауылы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) балаларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. Туды, Елтаңбаны және Әнұранды бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Балаларға рәміздерді құрметтеп, қастерлеп, бәрінен биік ұстауға, олардың

әр элементтерін, бөлшектерін, атауларын жатқа білуге тәрбиелеу; 2) лексикалық тақырып бойынша оқушылардың дүниетанымын кеңейту, өз ойын еркін жеткізе алуға тілдерін төселдіру; 3) оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік тілді, рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері. (Ту, Елтаңба және Әнұран), семантикалық карта, СТО проекті, смайликтер. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілі:** әңгімелеу, өлең жолдарын қайталату, рәміздерді сурет бойынша таныстыру, сұрақ-жауап, Ш.Ниязбековтың портреті, т.б. **Пәнаралық байланыс:** тіл дамыту, тарих.

Сабақтың барысы:

Балаларды оқу іс-әрекетіне дайындау. Сабаққа деген зейінін психологиялық ойындар арқылы оятып, қызығушылығын арттыру.

Кіріспе:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Көңіл-күйіміз қалай?

Оқушылардың бір-біріне қоятын сұрақтары. 4 мин.

II. Үй жұмысын тексеру.

1. «Астаналар» мәтінін оқытқызу. 3 мин.

2. Көптік жалғаудың ережесін тексеру. 4 мин.

3. Тақтамен жұмыс. *Бас, ел, тау* сөздеріне фонетикалық талдау жасау.

4. Септіктерді қайталау.

4. Отанға байланысты мақал-мәтелдерді ауызша тексеру.

5. Сөздік диктанты – астана, бас, саяхатшы. 3 мин.

III. Жаңа сабақ:

- Балалар біз қандай мемлекетте тұрамыз?
- Әрине, Қазақстан Республикасында тұрамыз.
- Біз қай тілде сөйлейміз?
- Әрине, қазақ тілінде.
- Ал, сендер біздің елді басқарып отырған Елбасымыздың есімін білесіңдер ме?
- Әрине, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. (Суреттен көрсету)
- Сендер мына суреттерден не көріп тұрсыңдар?
- Мына бірінші суреттегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы.

Мәтінмен жұмыс. Оқы және аудар. Тұйық буыны бар сөздерді теріп жаз.

Ортасында, өрнегі, Ниязбеков.

Сөздік жұмысы:

Ортасында – в центре;

Бейнеленген – изображен;

Бейбітшілік – мир;

Қыран – орел;

Бостандық – свобода. (8 мин.)

IV. Сергіту сәті: «Көңілді күн» (3 мин.)

V. Сабақты бекіту. Сұрақтарға жауап беру:

1. Тудың ортасында не бейнеленген?
2. Күн ненің белгісі?
3. Қыран ненің белгісі?
4. Тудың сол жағында не бар?
5. Тудың авторы кім? (2 мин.)

2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап ал.

Семантикалық картаны толтыру.

1. Дауысты дыбысқа байланысты. (I қатар)

Дауысты дыбыстар	Жуан	Жіңішке	Аралас
А, о, ы,	*		
Е, і, и		*	
О, ұ, у	*		
Ү, ө, а			*

2. Дауыссыз дыбысқа байланысты. (II қатар)

Дауыссыз дыбыстар	қатаң	ұяң	үнді	аралас
К, қ, п, ш	*			
Г, ғ, д, з		*		
Р, л, н, м			*	
И, у			*	
С, т, д, ж				*

3. Буындарды ажыратыңыз. (III қатар)

Буындар	ашық	тұйық	бітеу	аралас
Ант, аң, ит		*		
Тау, дәу, кең			*	
Дала, қала	*			
ортасында				*

(5 мин.)

VI. Қорыту:

- Балалар, бүгінгі іс-әрекетімізде біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінен «Ту» туралы ілім алдық.

- Кәне маған кім рәміздерді атап береді?

3-тапсырма.

Сөйлемдерді оқып, дұрыс жауаптарды айт.

1. ҚР мемлекеттік Туы көк түсті.
2. Тудың ортасында шаңырақ бейнеленген.
3. Күн – бейбітшілік белгісі.
4. Қыраң – бостандықтың белгісі.
5. Тудың оң жағында қазақтың дәстүрлері өрнегі бар.
6. ҚРМ Туы 1991 жылы қабылданды.
7. Тудың авторы – суретші Ш.Ниязбеков.

VII. Рефлексия.

- Балалар, бүгінгі сабақтан сендер қандай әсер алдыңдар? Не ұнады, не ұнамады, смалик арқылы көрсетіңдер.

VIII. Үйге тапсырма:

1) 37-38-беттегі мәтінді оқу, 2-тапсырманы жаттау;

2) 4-тапсырманы жазбаша орындау.

Сайыс сабақ

Айгүл ДОБАРОВА,
№32 жалпы орта
білім беретін орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды қаласы.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕЛІНЕ САЯХАТ»

(5-сыныптар)

Сайыстың мақсаты: оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру. **Міндеттері: білімділік –** оқушылардың өткен тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтап, ой-өрісін, білім деңгейін кеңейту; **дамытушылық –** түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың тіл байлығын, ойлау қабілетін, қазақ тілінде еркін сөйлеу шеберліктерін жетілдіру; **тәрбиелік –** оқушылардың өз Отанына деген ыстық сезімінің қалыптасуына ықпал ете отырып, тіліне, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті ояту, қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, мемлекеттік тілді-қазақ тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: нақыл сөздер жазылған плакаттар, қазақ ақындарының портреттері, интерактивті тақта, слайдтар, презентация «Қазақстан», мақтау қағаздар, кеспе қағаздар.

Сайыстың барысы:

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар!

«Қазақ тілі еліне саяхат» атты білім сайысын бастауға рұқсат етіңіздер!

Қазақ тілі – дана тілі, асыл тіл,

Қазақ тілі – баба тілі, ғасыр тіл!

Қазағымның қуанышын сен жырлап,

Елдігімнің дәрежесін асыр, тіл!- деп бүгінгі сайысымызды бастайық!

«Қазақ биі» орындалады.

Екі оқушы шығып Қазақстан, қазақ тілі туралы қазақша-орысша мәлімет оқиды. Интерактивті тақтада Қазақстан туралы презентация.

А.Еңсеповтың орындауындағы күй қойылады.

1-оқушы: - Сәлеметсіздер ме, қымбатты балалар, құрметті қонақтар және мұғалімдер!

Бүгін біз «Қазақ тілі еліне саяхат» атты білім сайысында кездесіп отырмыз!

2-оқушы: - Здравствуйте дорогие дети,уважаемые гости и учителя! Сегодня мы встретились с вами на интеллектуальном конкурсе «Путешествие в страну казахского языка».

1-оқушы: - Біздің мемлекетіміз Еуразияның орталығында орналасқан. Қазақстан-таңғаларлық әдемі жер! Мұнда Іле Алатауы, Ертіс, Сырдария, Әмудария өзендері және шетсіз-шексіз дала жатыр...

2-оқушы: - Наше государство расположено в центре континента Евразии. Казахстан-удивительно красивая земля!Здесь есть и величавые горы Заилийского Алатау, и сильные реки Иртыш, Сырдарья и Амударья , и бескрайние степи...

1-оқушы: - Еліміздің ұлан-байтақ даласында есепсіз байлық бар, бұл – сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер, пайдалы қазбалар.Біздің Қазақстанда Азия мен Еуропаның қалаларынан қалмайтын Астана, Алматы және Павлодар сияқты көрікті қалалар бар.

2-оқушы: - На просторах нашей республики есть несметные богатства-это и редкие животные, и растения, и полезные ископаемые. В Казахстане есть такие прекрасные города, что по красоте не уступят городам Азии и Европы: это и Астана, и Алматы, и Павлодар и другие города.

1-оқушы: - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі-қазақ тілі. Қазақ тілі –қазақ халқының ана тілі. 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды. Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады.

2-оқушы: - Казахский язык-государственный язык Республики Казахстан. Казахский язык-родной язык казахского народа. В 1989 году казахский язык получил статус государственного языка.

1-оқушы: - Қазақ тілі – өте бай тіл! Өте көп көркем және ғылыми әдебиеттер бар! Әр тақырыпқа көптеген өлеңдер жазылған.

2-оқушы: - Казахский язык очень богат! Есть очень много литературы – как художественной, так и научной! Написано много стихотворений на разнообразную тематику.

1-оқушы: - Жамбыл Жабаев, Абай Құнанбайұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұқағали Мұқатаев, тағы да басқа ұлы ақындар біздің Отанымыз, тіліміз туралы көп өлең жазған.

2-оқушы: - Жамбыл Жабаев, Абай Кунанбаев, Магжан Жумабаев, Мукагали Мукатаев и много других великих поэтов писали и пишут стихи о нашей Родине и о языке.

Әдеби –монтаж.

Күй ойналып тұрады. « Қазақ тілі» туралы өлеңді оқушылар жатқа айтады.

Мұғалімнің сөзі:

- Құрметті оқушылар! Бүгін біз қазақ тілі еліне сапар шегеміз! Алдымыздан көп бекеттер кездеседі. Ондағы тапсырмаларды орындаған топ мүшелері «Қазақ тілі елінің құрметті азаматы» атағын жеңіп алады.

- Ал, енді, әділқазылармен танысайық!

Шалқытып мерекеде ән салайық
Өнерпаз өрендерге тамсанайық.
Әділдік пен шындықты арқа тұтқан
Әділқазы алқасын таныстырайық!

Сайысқа 4 топ қатысады.

5 «А» сыныбы – «Сұңқар» тобы,

5 «Б» сыныбы – «Тұлпар» тобы,

5 «В» сыныбы – «Қыран» тобы,

5 «Г» сыныбы – «Ұлан» тобы.

1-бекет. «Танысу» бекеті.

Әр топ топтың атымен, ұранымен таныстырады.

«Сұңқар» тобы: ұранымыз – «Сұңқар құстай әрқашан биіктерден көрінеміз!»

«Тұлпар» тобы: ұранымыз – «Тұлпар аттай әрқашан алға шабамыз!»

«Қыран» тобы: ұранымыз – «Ардақтайық ана тілді!»

«Ұлан» тобы: ұранымыз – «Құрметтесек – ана тілді құрметтейік!»

2-бекет. «Көркем сөз» бекеті.

Үй тапсырмасы: Отан туралы өлеңді жатқа мәнерлеп оқу.

3-бекет. «Бәйге» бекеті. Әр топ сұрақтарға жауап береді.

Егер бір топ жауап бере алмаса, басқа топ сұрақтың жауабын айтуына болады.

«Сұңқар» тобына қойылатын сұрақтар:

1. Қазақ тілі қай халықтың ана тілі?
2. Қазақстан қандай мемлекет?
3. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары қандай?
4. Сендер қай облыста тұрасыңдар?
5. Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар? Қандай?

«Тұлпар» тобына қойылатын сұрақтар:

1. Қазақ тілі қай жылы мемлекеттік мәртебе алды?

2. Қазақстанның елордасы қай қала?

3. Тәуелсіздік күні қай күн?

4. Біз қай ғасырда өмір сүріп жатырмыз?

5. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді? Қандай?

«Қыран» тобына қойылатын сұрақтар:

1. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

2. Қазақстанның мемлекеттік тілі?

3. Мемлекеттік туда не бейнеленген?

4. «Егеменді» сөзінің аудармасы қандай?

5. Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді? Қандай?

«Ұлан» тобына қойылатын сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.

2. Қазақ халқының ұлттық ойындары.

3. Қазақстанда қанша облыс бар?

4. «Жазғытұрым» сөзінің синонимі қандай?

5. Буынның неше түрі бар? Қандай?

4-бекет. «Сөздің көркі – мақал» бекеті. Әр топтан бір оқушы шығып, мақал-мәтелдерді айтады. Кім тоқтаса, сол орнына отырады**.** Көп мақал-мәтел айтқан бала «Сөздің көркі-мақал» бекетінің жеңімпазы болады.

5-бекет. «Қос тіл – қос қанатың» бекеті. Интерактивті тақтада сөздер жазылып тұрады, оқушылар сөздердің аудармасын дұрыс айту керек.

«Сұңқар» тобы:	**«Тұлпар» тобы:**
тәуелсіз-	қыран-
Родина-	страна-
жазбаша-	елорда-
кеше-	бүгін-
устно-	письменно-
«Қыран» тобы:	**«Ұлан» тобы:**
әнұран-	елтаңба-
арман-	мемлекеттік-
кеш-	ерте-
быстро-	тихо-
жыл мезгілі-	көктем айлары-

6-бекет. «Кім жаңылыспайды?» бекеті. Әр топ жаңылтпаш айтады. Қай топ көп жаңылтпаш айтады, сол топ жеңеді.

«Жаса, Қазақстан» әнін орындау.

Әділқазылар оқушыларды құттықтап, мақтау қағаздарын береді.

Мұғалімнің қорытынды сөзі:

- Любой язык по своему велик,
  Бесценное наследство вековое.
  Так берегите свой язык,
  Как самое на свете дорогое!
- Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,
  Ана тілін білмеу қандай заңдылық?!
  Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда,
  Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!– деп Ш.Ділдебаев жырлағандай қазақ тілінің ғұмыры уақыт секілді мәңгілік болсын деп тілейміз.

Нұрбике АРЫНОВА,
Павлодар облысының
Ақсу қаласындағы
№4 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ӘЙ, ЖАРАЙСЫҢ!

(4-сынып)

Мақсаты: Тәуелсіз Қазақстан туралы алған білімдері арқылы оқушылардың таным дүниесін кеңейту, ізденімпаздық, тапқырлық қасиеттерін қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін арттыру.

Жүргізуші:

- Қазақстан – жүз ұлттың Отаны де,
  Боздамайды бозінген боталы де.
  Тілі, діні, салты бар, дәстүрі бар,
  Еңбек сүйген ұлдары жоталы ел.

- Сәлеметсіздер ме, оқушылар, мұғалімдер, қонақтар. 1991 жылы 25 қазан күні Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жарияланды. 2014 жылы еліміздің тәуелсіз Республика болғанына 23 жыл толып отыр. Тәуелсіздік күніне арналған сайысымызды еліміздің әнұранымен бастайық.

(Әнұран орындалады.)

Жүргізуші:

- Республика күніне арналған 4-сыныптар арасындағы «Әй, жарайсың» сайысын бастауға рұқсат етіңіздер.

Ертеңгі елдің тірегі –
Бүгінгі жас ұландар.
Күндей аппақ жүрегі,
Келеді өсіп қырандар.

Сахнаға сайысқа қатысушы топтарды шақырамыз.

Әр жарыста бас тұлға,
Олар келмей бастама,
Әділ баға беретін,
Қазылар бар ортада.

Әділ-қазы алқасының мүшелерімен таныстыру.

Топтарға сәттілік тілеп, сайысқа дайындалуға сахна сыртына ду қол шапалақпен шығарып салайық.

Сәлем анам – алтын күн!
Сәлем қартым халқымның!
Уақытыма риза боп,
Бақытыма шалқыдым.
Ашық болсын күніміз,
Ашылады нұрымыз.
Бай тұлғалы өңірде,
Айтылады жырымыз!

Бірінші сайысымыз – «Сәлемдесу» сайысы.

Сахнаға 4 «А» сынып оқушыларын шақырамыз:

Бірінші топ:

Топ аты: «Отаншыл»,

Ұраны: «Еңбегі – шежіре,
Ерлігі – дастан,
Отаным – осы
Мерейі асқан.

Әйнегі – күн, шатыры – аспан.
Кең дала төсі толқыған егін.

Көлдері көкке күмістер шашқан.
Қазақстан – Республикам менің,
Абай туған, Сәкен туған,
Құрметте, досым, қазақ жерін.
Қамбаға жылда мол астық құйған,
Қазақстан – Республикам менің.

Жүргізуші:

- Жақсы, «Отаншыл» тобы, сіздерге келесі сайысқа дайындалуға болады.

Сахнаға 4 «Б» сынып оқушыларын шақырамыз.

Екінші топ:

Топ аты: «Бірлік».

Ұраны: «Бірлік бар жерде, тірлік бар,
Бірлік болмай тірлік болмас».

Жүргізуші:

- Сахнаға 4 «В» сынып оқушыларын шақырамыз.

Үшінші команда:

Топ аты: «Талапкер».

Ұраны: «Талап – тұлпар,
Білім – сұңқар».

Отан – атам,

Отан – әкем,

Осы сөзім қате ме екен?!

Қате болса, неге біздер,

Дейміз оны Атамекен.

Жүргізуші:

- Бауырласқан тәніміз,

Бұзылмаған антымыз,

Кең даланың ежелгі

Қазақ дейтін халқымыз.

Өзге ұлттай біздің де,

Бар дәстүр мен салтымыз.

Екінші сайысымыз – «Сұрақ-жауап» сайысы.

Барлық топты сахнаға шақырамыз.

«Сұрақ-жауап» сайысында әр оқушы қоржыннан асық алып, нөмірін айтады. Сол нөмірлі сұраққа жауап беруі тиіс.

Сұрақтар:

1. Қазақстан қандай мемлекет?
2. Қазақстанның президенті кім?
3. Қазақстанның бұрынғы астанасы қай қала?
4. Қазақстанның астанасы қай қала?
5. Қазақстанда неше облыс бар?

6. Сен қай облыста тұрасың?
7. Қазақстан Республикасында неше астана болды?
8. Қазақстанның бірінші астанасы қай қала болды?
9. Қазақстанның екінші астанасы қай қала болды?
10. Қазақстанның үшінші астанасы қай қала болды?
11. Қазақстанның төртінші астанасы қай қала?
12. Қазақстанның рәміздері қандай?
13. Облыс орталығы қай қала?
14. Сен қай мемлекетте тұрасың?
15. Ақмола қаласы қай жылы Астана қаласы болды?
16. Қазақстанның үлкен қалалары қандай?
17. Астана қандай қала?
18. Павлодар облысында неше қала бар?

- Құрметті әділ-қазылар алқасы, қазір ән шашу болады, содан кейін сіздерден осы өткен екі сайыстың қорытындыларын жариялауларыңызды сұраймыз.

Жүнісова Айнұрдың орындауындағы «Балбырауын» күйін тыңдайық.

Жүргізуші:

- Алқа қотан той-думан,

Ортамызды ашайық.

Ән мен күйді төгілдіріп,

Інжу-маржан шашайық!

Жиналған халық таң қалсын,

Өнерден күмбез жасайық.

Үшінші сайысымыз – «Шығармашылық» сайысы, Бұл сайыста топтар өз өнерлерін көрсетеді.

1. «Отаншыл» тобы «Отан» өлеңін мәнерлеп оқыды.

«Жастар биі» күйін орындады.

2. «Бірлік» тобы Ө.Тұрманжановтың «Туған өлкем» өлеңін оқыды.

«Күн дидарлы Қазақстан» атты әнді орындады.

3. «Талапкер» тобы «Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқып, «Түркістан» әнін орындады.

Жүргізуші:

- Халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің!»,- деп. Басқа да батыр ағаларымыз, бабаларымыз Отан деп жырлаған, оны қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен. Біз де осы апа-аталарымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек, Отан үшін еңбек етуіміз керек.

Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті болғандарың.

Келесі сайысымыз – топ капитандарының сайысы. Капитандардың Отан туралы қандай мақалдар білетінін тексеріп көрейік.

Капитандар кезектесіп мақал жартылай жазылған қағаздарды алып, Отан туралы мақалдарды толықтырып айтулары керек.

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім мен де бірге өшемін,- деп Әбділда Тәжібаев атамыз жырлағандай, біз де өз тілімізді қадірлейік. Батыр ата-апаларымыз өмірдің қиын өткелдерінен ұлтымызды алып шықты. Сөйтіп, көптен аңсаған, барша халық арман еткен тәуелсіздікке қолымыз жетті. Көгімізде көк байрағымыз желбіреді, әр азаматтың жүрегі Әнұранды айтты. Ел бірлігінің, бостандығының дәлелі – туған тілі.

Осымен сайысымыз аяқталды. Сөзді әділқазылар алқасына береміз. Марапаттау.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:
“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Куәлігі** берілген.
Басуға 04.02.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84х108 1/32.
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.
Таралымы – 890. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**
Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,
Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.
Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.
Факс.....243-15-53.
Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru
Журнал сайты: www.kazhu.kz
Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№2, 2015 ж., 144 бет, Алматы.